

Әділетті Қазақстан

Ел бірлігі қашанда ең басты құндылық саналған. Халқымыз татулық пен тұрақтылыққа ерекше мән берген. Оны бәрінен биік қойған.

Мемлекет басшысының ой-орамдарынан.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ



ЖЕТІ ТОМДЫҚ ЖИНАҚ

4

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ



ТУЫМЫЗ ТҰҒЫРЫНАН ТҮСПЕСІН!

7

ТАҒЫМ



«ҚАРА МАЙОР»

12

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

27.05.2023

Түнде:



+12+14 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+24+26 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 3-8 м/с

28.05.2023

Түнде:



+11+13 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



+23+25 °C
Көшпелі бұлтты, өткірші жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы: 3-8, найзағай кезінде екпіні 15 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №65 (6358) 27 мамыр, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

МӘСКЕУ ФОРУМЫ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ӘДІЛ БӘСЕКЕ, ТЕҢ ҚҰҚЫҚ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

Бұл негізгі қағидаттар мүлтіксіз сақталуы керек



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Мәскеу сапарының алғашқы күні II Еуразиялық экономикалық форумның «Көпполярлы әлемдегі еуразиялық интеграция» атты пленарлық басқосуына, екінші күні Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің шағын және кеңейтілген құрамдардағы отырыстарына қатысты. Форум қорытындысы бойынша бірқатар маңызды құжаттар қабылданды.

Пленарлық жиында Президент Одақты дамытудың жаңа басымдықтарын анықтау қажеттігіне назар аударды. «Төрт еркіндік» және инфрақұрылымға тең дәрежеде қолжетімділік, әділ бәсеке, тең құқық және ұлттық мүддені ескеру секілді негізгі қағидаттар мүлтіксіз сақталуы керек. Бұл – біздің ортақ ісіміздің негізгі қағидаттары.

Қазақстан дәл осы қағидаттарды ілгерілетеді. Қазір тұрақты түрде туындайтын кедергілер мен шектеулер туралы көптеген деректі тізбелейтін уақыт емес деп ойлаймын. Мен бұл жағдайды шиеленістіруді жақтамаймын. Бірақ туындаған мәселелерді осында шешу керек, – деп қадап айтты Мемлекет басшысы.

2

ӘКІМ

ЖЕТІСУ: БЮДЖЕТ ҮШ ЕСЕ ҰЛҒАЙДЫ

Шаһар басшысы Ерболат Досаевтың тұрғындармен кезекті кездесуі өтті



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Қаламыздың ең байырғы ауданы аумағында бүгінде кәсіпорындар мен өндіріс ошақтарының дені шоғырланған. Сонымен қатар, тұрғындарының саны да жыл санап өсіп келеді. Кездесу барысында қала басшысы Жетісу ауданы аумағында атқарылған жұмыстар жайында баяндап, тұрғындар тарапынан келіп түскен сұрақтарға жауап берді.

3

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы шейх Сурур бен Мұхаммед Әл Нахиянмен кездесті.
- Сенатта мүгедектігі бар адамдардың құқығын қорғауды күшейту туралы заң қаралды.
- Үкіметте денсаулық сақтау, білім және ғылым салаларын цифрландыру барысы талқыланды.
- Табиғи өртпен күресу үшін техникалар сатып алуға қаражат бөлінді.
- «Парламент сөзі» сыйлығына үміткерлерден өтінім қабылдау басталды.
- Қазақстанда Enbek HR мобильді қосымшасы іске қосылды.
- АШМ: Елімізде 20-дан астам құс фабрикасын салу жоспарланып отыр.
- Биыл ел өңірлерінде 36 спорт нысанының құрылысы салынады.
- Негізгі ҰБТ басталғаннан бері 40 мыңнан астам түлек тест тапсырды.
- ҰБТ-ның алғашқы күндерінде алматылық талапкер ең жоғары нәтиже көрсетті.
- Биыл 172 мың түлек мектеп бітіреді.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



МӘСКЕУ ФОРУМЫ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ӘДІЛ БӘСЕКЕ, ТЕҢ ҚҰҚЫҚ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

Бұл негізгі қағидаттар мүлтіксіз сақталуы керек



(Басы 1-бетте)

БАРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕРҮШІН
ПАЙДАЛЫ БИЗНЕС

Алғашқы күнгі алқалы жиында әңгіме Еуразиялық экономикалық одақтың 2025 жылға дейінгі қабылданған стратегиясы аясында, оған мүше елдердің өзара инфрақұрылым байланысы, «Солтүстік – Оңтүстік» және «Батыс – Шығыс» дәліздері және үшінші елдермен арадағы қатынастар секілді перспективті бағыттар жайлы өрбіді. Қасым-Жомарт Тоқаев «Солтүстік – Оңтүстік» көлік дәлізін «жаңа жаһандық логистиканың» басты элементі ретінде дамыту қажеттігіне маңыз берді. Президенттің пайымдауынша, аталған меридианды дәліз Транскаспий халықаралық көлік бағытының ендігімен сәйкес келеді. Сондықтан екі бағытты да үйлесімді әрі жүйелі түрде дамытса, бірінбірі толықтыра түспек. Бұл тек өнеркәсіп, көлік және экономика салаларын дамытпайды. Сондай-ақ, бұл бағыттар алып Еуразия кеңістігіндегі өзара қарым-қатынас пен кооперацияны түбегейлі өзгерте алады. «Мен бұл туралы бекер айтып отырған жоқпын. Өйткені, дәл қазір көлік логистикасы халықаралық ынтымақтастықта алға шықты. Шын мәнінде, халықаралық нарықта көлік бағдарларына, логистикаға және басқа да салаларға иелік ету үшін күрес жүріп жатыр.

Бұл – барлық мемлекет үшін пайдалы бизнес. Еуразиялық экономикалық одақ осы бағытта маңызды рөл атқаруға тиіс деп ойлаймын. Одақтың ең басты саяси және экономикалық серіктесі – Қытай Халық Республикасымен тиімді қарым-қатынас жасаудың маңызы зор. Қытай – ең ірі жүк жөнелтуші әрі ең ірі тұтынушы ел. Біз Ресеймен нәтижелі ынтымақтастық құруға ниеттіміз. Себебі, бұл жоба тек Қазақстаннан ғана емес, Батыс Сібірден де ҚХР-ға тауар жеткізу мерзімі мен қашықтығын едәуір қысқартыды.

Тағы бір маңызды мәселе. Физикалық инфрақұрылымды дамытудан бөлек, «жұмсақ» инфрақұрылымды қалыптастыруға баса мән беру қажет. Яғни цифрландыру, кедендік әкімшілендіру ісін оңтайландыру және әкімшілік жүктемені азайту. Жалпы, қазір біз Еуразияда бұрын-соңды болмаған жаңа көлік құрылымын қалыптастырып жатырмыз десек, артық айтқандық емес. Бұл іске тыңғылықты әзірлікпен әрі жұмыла кіріссек, біршама экономикалық және саяси пайдаға кенелеміз», – деді Мемлекет басшысы.

Қазақ Президенті барлық ұлттық мүддені бір арнаға тоғыстыратын мұндай өте нәзік жұмысты өзара келісе отырып жүргізу қажеттігін айтты.

ӘЛЕМДІК САЯСАТ ТАРИХЫНДАҒЫ
ЕРЕКШЕ ҚҰБЫЛЫС

«Тағы бір шетін мәселе бар. Басқаша айтқанда, концептуалды шындық немесе біз ескеруге тиіс ерекшелік. Бұл – Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы Беларусь пен Ресей мемлекеттерінің одағы. Бұл одақтың тұжырымдамалық және идеологиялық негізі өте салмақты. Беларусь пен орыс халықтарының тарихының ортақтығын, тіліндегі, мәдениетіндегі, дініндегі бірегейлікті өзара мойындау, яғни бір халық – бір мемлекет екенін мойындау. Демек, ЕАЭО-да Одақтас мемлекет бар. Әлемдік саясат тарихында ерекше прецедент немесе құбылыс пайда болды – саяси, құқықтық, әскери, экономикалық, валюталық, мәдени, гуманитарлық кеңістіктері ортақ, одақтас үкіметі мен парламенті бар «екі ел, бір мемлекет» формуласы бойынша мемлекет құрылды. Тіпті, қазір ядролық қару да екеуіне ортақ. Сондай-ақ, Қазақстан, Қырғызстан және Армения қатысқан интеграцияның тағы бір деңгейі бар. Біз бұл шындықпен санасуымыз керек. Мұндай жағдайда қалай жұмыс істейміз? Бұл – концептуалды мәселе. Осы экономикалық форумда аталған мәселені талқылауымыз керек деп санаймын», – деді Мемлекет басшысы.

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің шағын құрамдағы отырысында мемлекеттер басшылары Еуразиялық экономикалық одақтың қызметі мен даму перспективаларына қатысты өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

КЕДЕРГІСІЗ БІРЫҢҒАЙ НАРЫҚ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ МАҢЫЗДЫ

Үлкен Кремль сарайында өткен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысында Қасым-Жомарт Тоқаев геосаяси қиындықтар бүкіл әлемдегі экономикалық жағдайға айтарлықтай ықпал етіп отырғанын атап өтті.

Президенттің айтуынша, қазіргі геэкономикалық жағдайда Одақтың әлеуетін мейлінше толық әрі тиімді пайдалану ортақ басымдыққа айналды.

– Бұл жерде, ең алдымен, төрт еркіндіктің біріншісі – тауар қозғалысының еркіндігін толыққанды жүзеге асыру туралы сөз болып отыр. Яғни шын мәнінде, кедергісіз бірыңғай нарық қалыптастыру, үшінші елдерге тауарлардың кедергісіз тасымалдануын қамтамасыз ету маңызды. Осы мақсатқа қол жеткізу үкіметтер мен Еуразиялық экономикалық комиссия жұмысының негізгі бағыты болуға тиіс деп ойлаймын. Интеграция дамуының қазіргі кезеңінде аталған мәселе бойынша біз «жағдайға байланысты шешімдер» қабылдау әдісінен, ситуативті келісімдерден, «қолмен басқару» тәсілінен бас тартуға тиісіз. Бізге толыққанды әрі жүйелі жұмыс істейтін ішкі нарық қажет», – деді Қазақ Президенті.

ҮЙЛЕСІМДІ ОРТАҚ ҰСТАНЫМ

Мемлекет басшысы ортақ күнші жұмылдыра отырып, экспорттаушыларымыздың тауар өткізетін нарығын кеңейту маңызды екеніне тоқталды. Оның айтуынша, Одақты құрудағы негізгі мақсаттың бірі – қуатты, үйлесімді ортақ ұстаным негізінде үшінші елдермен барынша тиімді сауда шарттарына қол жеткізу. Одақ жанындағы бақылаушы институтын дамыту және рәсімдеу маңызды. Бұл институт өзара тиімді ынтымақтастықтың механизміне айналуға тиіс.

Президент сонымен қатар, өнеркәсіпті дамыту ісін маңызды бағыт ретінде атап өтті. Бұл саладағы ынтымақтастықты нығайту үшін бірнеше көпжақты кооперациялық жоба мен мемлекетаралық бағдарлама жүзеге асырыла бастады. Жерді қашықтан зондтауға қатысты мемлекетаралық бағдарлама аясында ЕАЭО-дағы әріптестер өзара табысты іс-әрекет жасап жатқаны айтылды.

– Қазіргі геосаяси жағдайда Қазақстан, өзінің географиялық орналасуы мен мүмкіндіктерін ескере отырып, еуразиялық өнеркәсіптік

кооперацияны дамыту орталығы болуға дайын. Бұл электромобиль, магистральді локомотив, вагон, ауыл шаруашылығына арналған және жеңіл техника құрастыратын, құрылыс материалдары мен химиялық бұйымдар өндіретін бірлескен кәсіпорындар болуы мүмкін. Аталған бағыттардың көбі іс жүзінде жүзеге асырылып жатыр.

Сондай-ақ, біз қара және түсті металдар кен орнын игеріп, оны одан әрі өңдейтін және дайын өнімдер шығаратын бірлескен жобаларды жүзеге асыруға әзірміз. Аталған салалар бойынша Ресей Федерациясымен табысты ынтымақтастық орнатқанымызды атап өткім келеді. Тек соңғы бір-екі жылда ірі жүк көліктерін, магистральді тепловоздар мен теміржол саласына арналған өнімдер, дөңгелек шығаратын ірі жобалар іске асырылды. Тағы бірнеше жоба қолға алынбақ», – деді Мемлекет басшысы.

ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ДАМУ:
БАСТЫ БАҒДАР

Президент жаңа халықаралық күре жолдардың салынуы алдағы уақытта интеграциялық дамудың маңызды бағытына айналуы мүмкін деп санайды. Қасым-Жомарт Тоқаев Еуразиялық экономикалық одақтың Еуропа мен Азияны, жаһандық Оңтүстік пен Солтүстікті байланыстырушы торапқа айналатынына сенім білдірді. Ол физикалық инфрақұрылымды дамытумен қатар тауар транзитінің жалпы цифрлық жүйесін қалыптастыру үшін нақты шешім қабылдау аса маңызды екеніне назар аударды. Ондай жүйе сенімді әрі қолдануға оңай және озық цифрлық технологияларға негізделуге тиіс. Еуразиялық экономикалық одақтың орасан зор әлеуетін оған мүше елдердің игілігі үшін дәйекті әрі жүйелі түрде іске асыру маңызды. «Экономикалық интеграция, ең алдымен, экономикалық өсім мен халықтың әл-ауқатын жақсартуға қол жеткізетін негізгі құрал. Сәйкесінше, интеграциялық іс-әрекеттердің сәтті не сәтсіз болуын оңай бағалауға болады – бизнес пен азаматтар Одақ жұмысының нәтижесінде еңбегінің жемісін көріп, өмір сүру деңгейі жақсарғанын сезінуге тиіс. Сонда ғана олар биліктің алдағы интеграциялық қадамдарына сеніммен қарайды. Сондықтан Одақты дамытуға қатысты Қазақстанның ұстанымы – елдеріміздің экономикалық әлеуетін дәйекті түрде арттыру. Яғни жобалар, технологиялар, жұмыс орындары, салықтар. Жалпы, біз күш біріктіре отырып, алдымызға қойған барлық міндетті табысты атқаратынымызға және Еуразиялық экономикалық одақты дамудың анағұрлым жоғары деңгейіне шығаратынымызға нық сенімдімін», – деді Мемлекет басшысы.

Саммитке Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевпен қатар Ресей Федерациясының Президенті – ЖЕЭК төрағасы Владимир Путин, Армения Премьер-министрі Никол Пашинян, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, ЖЕЭК жанындағы бақылаушы мемлекеттерден Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Куба Президенті Мигель Марио Диас-Канель Бермудес; жиынға шақырылған елдерден Әзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, сондай-ақ ТМД бас хатшысы Сергей Лебедев пен ШЫҰ бас хатшысы Чжан Мин қатысты.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: akorda.kz).

Мемлекет басшысының баспасөз хатшысы Руслан Желдібай өзінің Facebook-тегі парақшасында Президенттің Мәскеуде өткен Еуразиялық форумға қатысқаны жөнінде пікірін білдірді.

Руслан ЖЕЛДІБАЙ:

ҚАЗАҚСТАН
ҚАНДАЙ ДА БІР
ОДАҚТАС
МЕМЛЕКЕТТЕР
ҚҰРАМЫНА
КІРУГЕ НИЕТТІ
ЕМЕС...



«Өздеріңізге мәлім, Мемлекет басшысы жақында Мәскеу қаласында өткен II Еуразиялық экономикалық форумға қатысты. Президент жиын барысында бүгінде сарапшылар қауымдастығы кеңінен талқылап жатқан бірқатар мәлімдеме жасады. ЕАЭО аясындағы интеграция тек қана экономикалық сипатта ғана жүруі керек. Бұл – Президенттің негізгі ұстанымы. Оның шеңберінен шығу ұйымның жарғылық құжаттарының мақсаттарына, принциптері мен міндеттеріне қайшы келеді.

Президент атап өткендей, экономикалық интеграция – бұл түпкі мақсат емес, ол экономиканы дамытудың және халықтармыздың әл-ауқатын арттырудың негізгі құралдарының бірі. Яғни ұйым аясында қабылданатын кез келген шешім оның әрбір мүшесіне және ең алдымен, олардың азаматтарына пайдасын тигізуі тиіс.

Сонымен қатар, түрлі деңгейдегі интеграция мәселесі қозғалды. Бүгінде ЕАЭО-ның екі мүшесі – Ресей мен Беларусь өзара ықпалдастықтың жоғары деңгейіне шықты. Бұл – ерекше прецедент. Мемлекет басшысының пайымынша, шын мәнінде, бір халық және бір мемлекет туралы сөз болып отыр. Осы ретте мүлде басқа мақсаттарды көздеген екі түрлі интеграциялық жоба шеңберіндегі бастамалардың аражігін ажырату аса маңызды.

Біздің елімізге келетін болсақ, Қазақстан қандай да бір одақтас мемлекеттер құруға немесе олардың құрамына кіруге ниетті емес және оны жоспарлап отырған жоқ», – деп жазды Руслан Желдібай Facebook-тегі парақшасында.



ӘКІМ

ЖЕТІСУ: БЮДЖЕТ ҮШ ЕСЕ ҰЛҒАЙДЫ

Шаһар басшысы Ерболат Досаевтың тұрғындармен кезекті кездесуі өтті

(Басы 1-бетте)

Биыл аудан көлемінде су және электрмен жабдықтау, көшелерді су басу және көлік-жол инфрақұрылым мәселелерін шешу, әлеуметтік саланы дамыту мен абаттандыру бойынша қарқынды жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Әкімшіліктерге жаңа функцияларды беру есебінен қаланың барлық ауданында қаржыландыру мәселесі едәуір ұлғайды. Мәселен, Жетісу ауданының бюджеті 3 есеге, яғни 18,1 млрд теңгеге дейін ұлғайтылды. Бұл өз кезегінде штаттық қызметкерлер санын 19 адамға дейін арттыруға мүмкіндік беріп отыр.

Ерболат Досаев тұрғындарға 1 сәуірден бастап жүргізіліп жатқан орталықсыздандыру аясында аудан бюджетінің ұлғайғанын, жергілікті әкімдіктерге қосымша 15 функция берілгенін жеткізді.

Орталықтандыру аясында Жетісу ауданының әкімшілігі биыл 500 млн қаржыға жергілікті жолдарды жөндеу жұмыстарын жүргізеді, – деді шаһар басшысы.

САПАЛЫ СУМЕН 10 МЫҢНАН АСТАМ АБОНЕНТ ҚАМТЫЛАДЫ

Алматының нағыз құртамасы атанған Жетісу ауданындағы көтерме сауда көлемі 138,2%-ға өсіп, бірінші орында тұр. Сондай-ақ, биыл аудандағы өндіріс көлемі 15,8%-ға, негізгі капиталға салынған инвестициялар 48%-ға өсіп отыр.

Қалалық әкімшіліктің көмегімен Жетісу ауданында инженерлік желілерді жаңғырту жұмысы көзделсе, «Кемел» ықшамауданында сумен жабдықтау және су бұру тетіктерін тарату желілерін салу жоспарланып отыр. Сондай-ақ, биыл ауданның 68 көшесінде 25,6 шақырым сумен жабдықтау желілерін қайта жаңарту және 72 шақырым су бұру желілерін салу жүргізіледі. Жетісу ауданындағы өзекті мәселенің біріне айналған сапалы су мәселесі оң шешім тауып, 10 мыңнан астам абонент сапалы сумен қамтылатын болды. Бұл ретте қала әкімі осы мақсатта жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы да айтып өтті.

Осы жұмыстармен айналысатын мердігерлік ұйымдар анықталды. Сәтін салса, жұмыстар маусым айында басталып, келесі 2024 жыл-



Жетісу ауданындағы
көтерме сауда көлемі
138,2%-ға өсіп,
бірінші орында тұр

Суретті түсірген Самат СЕРІҚБАЙҰЛЫ

дың II тоқсанында аяқталады деп күтілуде. Бұл жобаларды іске асыру ауданның 10 мыңнан астам абоненттің сапалы сумен және көрізбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, – деді әкім.

Сондай-ақ, биыл ауданда ұзындығы 11 шақырым болатын 101 жартылай жарықтандырылмаған көшеде жұмыс жүргізу де жоспарланып отыр.

ЖАҢА БАҒДАРШАМДАР

Кездесу барысында қала басшысы Солтүстік айналма – Боралдай көшесі, Солтүстік айналма – Постышев және Қазыбаев көшелері – Серіков көшесінің қиылысында үш жаңа бағдаршам пайда болатынын жеткізді.

Қала әкімінің айтуынша, қазіргі уақытта бағдаршам құрылысы бойынша ЖСҚ әзірленіп жатқан көрінеді. Сәтін салса, биылғы жаз немесе күзде жүзеге асырылуы мүмкін. Сондай-ақ, биыл аудан аумағындағы 10 аялдаманы абаттандыру жұмысы да жүзеге асатын болады.

Жалпы, Жетісу ауданындағы 22 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Жол жамылғысы Жетісу ауданы тұрғындарын толғандыратын ең өзекті мәселенің біріне айналып отыр. Сондықтан биыл 18 көшеде 22 шақырым жолға орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарлануда.

Бұдан басқа, ұзындығы 2,7 шақырым болатын 10 учаскеде тротуарлар салынады. Жұмыс осы жылдың маусым айында басталады, – деді қала басшысы.

АВТОБУСТАР 14 БАҒЫТТА ҰЛҒАЙТЫЛАДЫ

Биыл Алматыда қосымша 600 жаңа автобус сатып алынатын болды. Бұл өз кезегінде тұрғындарға қызмет көрсету сапасы мен ыңғайлылығын арттыру үшін жасалып отырған қадам екені белгілі.

Жетісу ауданына қызмет көрсететін 14 бағытта автобустардың саны 256-дан 281 бірлікке дейін ұлғайтылады. Қоғамдық көлікті дамыту біз үшін басты міндеттің бірі. Жетісу ауданы тұрғындарының өтініші бойынша ағымдағы жылы №56, 123 және 17 бағыттар «Құлагер»-дегі заманауи Дене шынықтыру-сауықтыру кешеніне дейін дейін ұзартылды, – деп атап өтті қала әкімі.

ҚОСЫМША БЕЙНЕБАҚЫЛАУ ОРНАТЫЛАДЫ

Жетісу ауданында жыл соңына дейін қосымша 750 камера орнатылатын болды. Бұл адамдар көп жиналатын жерлерде видеомониторинг жүйелерінің желісін кеңейту жобасы аясында жасалады. Осы жылдың I тоқсанында 85 «Серек» орнатылып, қазір олардың саны аудан бойынша 171-ге жетті.

ҮШ ЖАҢА ЕМХАНА АШЫЛАДЫ

Маусым айында «Кемел» ш/а бір ауысымда 200 адам қабылдайтын отбасылық-дәрігерлік амбулатория пайдалануға беріледі. Оны еңсеру мақсатында аудан әкімдігі емхана үшін 3 ғимарат сатып алды. Омаров көшесі бойынша 200 келушіге, Нүсіпбеков көшесінде 300 келушіге және Жұмысшы поселкесінде 240 келушіге арналған.

Ағымдағы жылдың маусым айында Нүсіпбеков және Омаров көшелеріндегі ғимараттарды құрлыс жөндеуге конкурс жариялауды жоспарлап отырмыз. Жөндеу тамыз айында басталады, ал аяқтау 2024 жылдың наурызына жоспарланған. Пайдалануға беру – 2024 жылғы II тоқсанда. Жұмысшы поселкесіндегі ғимарат бойынша сатып алу туралы шарт жасалды. Емхана ағымдағы жылдың IV тоқсанында жөндеу жұмыстары бітіп, жабдықтар сатып алынғаннан кейін ашылады деп жоспарлануда, – деді қала әкімі.

● ТҮЙІН:

Жетісу ауданы тұрғындарының қала басшысымен болған кездесуі екі жарым сағатқа созылып, өзекті мәселелер түгел қамтылды. Тұрғындармен ашық диалог форматында өтіп келе жатқан мұндай кездесудің берері де көп, бергені де мол. Кездесудің соңы әдеттегідей әкім мен тұрғындар арасындағы еркін микрофон түріндегі сұрақ-жауапқа ұласты.

18 ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА

Жетісу ауданы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасын іске асыруға қосымша 875 млн теңге алды. Оның аясында әрбір тұрғын қаланы абаттандыру бойынша өз идеясын жүзеге асыра алады. Наурыз айында ұсыныстар мен бастамалардың алғашқы қабылдауы өтті. Аудан тұрғындарынан 120 өтінім келіп түсті. «Аудан тұрғындарының дауыс беру (3226) қорытындысы бойынша 18 жоба нақты іске асырылмақ, олардың ішінде «Кемел» ш/а, Рысқұлов даңғылы – Гастелло көшесі аумағындағы скверлер мен саябақтарды абаттандырылады. «Айнабұлақ» ш/а иттерді серуендетуге арналған алаң, «Құлагер», «Көкжиек», «Көкмайса» және т.б. шағынаудандарда тереңдетілген қоқыс контейнерлері салынады. Бұл жобалар биыл іске асады», – деді қала басшысы.

Қосымша қаржыландыру туралы шешім осы бағдарламаның тиімділігі мен қала тұрғындарының оң пікірлері ескеріле отырып қабылданғаны айтылды. Қаланың барлық 8 ауданы қосымша 7 млрд теңгеден алды. Жетісу ауданында су басқан учаскелердегі жұмыстар аяқталуда.

Алматы қаласының Жетісу ауданында үнемі су басатын 7 учаске анықталды, оның алтауында жұмыстар аяқталды. Соңғы учаске – Уссурийская көшесі мен 2-ші теміржол вокзалынан Баум тоғайына дейінгі аумақты қамтиды. Су бұру каналының құрылысы бойынша жұмыстар 15 маусымға дейін аяқталады. Сондай-ақ, қала әкімінің айтуынша, биылғы жылдың қантар айынан бастап 27 көшеде 26,5 шақырым арық желісін қайта жаңарту басталды. Жұмыстар 2024 жылдың III тоқсанында аяқталмақ.

● СҰРАҚ-ЖАУАП

ҰАҚ ҚАШАН РЕТКЕ КЕЛТІРІЛЕДІ?

- «Құлагер» шағынауданындағы ҰАҚ-да бұрын тап-таза, мөлдір су болатын. Қазір су өте ластанып кеткен. Жағасында нашақорлар жүреді. Қашан ретке келтіріледі?
- Биыл маусым айының соңына қарай ҰАҚ жобасы аяқталады. Жобаға сәйкес ҰАҚ толығымен тазаланады, көгалдандырып, абаттандырылады. 2023–2025 жылдар аралығында қаладағы қоғамдық тәртіп, тазалық, көгалдандыру, абаттандыру мәселелері бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіліп, тұрғындардың талап-тілектеріне орай бәрі қалыпқа келтіріледі».

ЗАҢСЫЗДЫҚТАР ЗАҢ АРҚЫЛЫ АНЫҚТАЛАДЫ

- Көкжиекте 62-ші үйдің жер төлесі заңсыз сатылып кеткен. 12 жыл ішінде осы заңсыз сатылып кеткен жер төлеміздің иелері үйді ұстау шығын ақшасын төлемей келген. Біздің электр энергиямызды 12 жыл бойы ұрлап келген. Мен оны дәлелдедім. Қазір кондоминиумға тіркеліп, осы жер төленің заңсыз иесі төлесін деп, есепшот ашайық десек, бізге кедергі жасалуда. Бірлестік болып енді бізге сол жер төленің заңсыз сатып алған иесінің мәліметін беріңіз деп сұрасақ, бізге бермейді. Сізден көмек сұраймыз. Жер төлені бізге тіркесін, бізге сол жер төленің келісім-шартының көшірмесін берсін. Ортақ мүлкімізге шот ашып, ақшасын өзіміз алайық.
- «Мен сұрағыңызды түсіндім. Жалғыз осы Жетісу ауданында ғана емес, барлық аудандарда ОСИ, ПТ бар, ескі КСК-лар бар. Бірақ енді сіздерде 12 жыл бұрын жұмыс істеген КСК-ның басшысы қандай заңсыздықтар істегенін тек заң арқылы анықтап, үстінен арыз бере аласыздар. Қаланың коммуналдық саласына жаңа басшы Данияр Ботанұлы келді. Сол кісі сіздерге бәрін түсіндіріп береді. Бұл ретте әкімдік құзыретіне жатпайтын мәселелер бар екенін де ескерген жөн. Дегенмен, талаптарыңызға орай тиісті мамандарға тапсырма беріп, өтініш-тілектеріңізді зерделеп, тұрғындардың өзекті мәселелерін реттеуге тырысамыз».

ҮШ САУАЛ – ҮШ ШЕШІМ

- Үш сауалым бар. Бірінші, біздің «Көкжиек» шағынауданындағы емхана жанынан арбат-аллея ашылды, субұрқақ орнатылды. Осыны жасаған адамдарға көп рахмет. Сол жерге енді полиция пунктін керек. Тәртіп қадағаланса дейміз. Екінші сұрағым. Былтыр сізге аялдамалар туралы сұрақ қойғанбыз. Сізге аудан басшылары жауап берген еді. 2023 жылы Көкжиекте аялдамалар қоюға ақша бөлінбеді деген. Сол ақша бөлінді ме, аялдама қойыла ма? Үшінші мәселе, шағынауданымыздағы қазандық бізді әбден шаршапты. «Көкжиек» шағынауданы құрылған алғашқы бесжылдықта жаз мезгілінде тек 10 күнге ғана ыстық су өшірілетін, тез-тез жасап қосатын. Міне, 3 жыл болды, жаздың күні 1 айдан астам уақыт ыстық сусыз отырамыз. Жазда қазандықта жөндеу жұмыстары жүргізілетіндіктен, ыстық су болмай қалады. Бұрынғы әкім де қосымша қазандық салыңдар, екінші құбырды жүргізіңдер деп тапсырма берген. Міне, әлі күнге дейін жасалынбай келеді. Тұрғындар жазда ыстық судың болмауынан шаршады.
- «Сұрақтарыңызға рахмет! Тәртіпті қадағалауға байланысты биыл Жетісу ауданында 750 жаңа бақылау камерасы қойылады. Соның ішінде Көкжиекке де қойып береміз. Полиция пунктін қою үшін штат керек, өзіңіз білесіз, әзірге мүмкіндік жоқ. Қазандыққа қатысты сұрағыңыз орынды. Осы мәселе бойынша талдаулар жасадық, қосымша қазандық қою жағын да қарастырып жатырмыз. Былтырғы жылдары Көкжиектегі ыстық су 1 айға өшірілгені рас. Бұл қажеттілік болды. Қазандыққа жауапты мамандар биыл ыстық су тек екі аптаға өшірілетінін айтып отыр. Екі аптада қазандықты тазалап, қысқа дайындау керек. Әйтпесе, қыста жылусыз қалсаңыздар тағы болмайды. Жаз мезгілінде қазандықтарда профилактикалық жұмыстар жүргізілген кезде уақытша бойлер қою бағдарламасын да ойластырып жатыр. Осындай жағдай жасау үшін КСК, ОСИ-ларға жаңа мүмкіндік берілмек. Ал аялдамаларға келер болсақ, осы жылы Жетісу ауданында 15 аялдама қою жоспарланған. Қыркүйекке дейін 15 аялдама толық қойылады».

ТАЛАП ЖӘНЕ ТАПСЫРМА

- Үйлердің сыртқы келбеті әбден тозып кетті. Осыған өз тарапыңыздан қолдау көрсетсеңіз екен. Екінші сауалым, балалардың ойын алаңына қатысты болып тұр. Біздің ықшамаудандағы көпқабатты үйлерде дені жастар тұрады. Кішкентай балаларымыз ойнайтын алаңдар әбден ескіріп кетті. Бұл мәселені сіз шешесіз бе, әлде Жетісу аудандық әкімшілігінің құзырына қарай ма екен? Соны нақты білсем деймін. Сосын Көкжиектегі ауалардың қауіпсіздігі мені алаңдатады. Учаскелік полицияны көрмейміз. Андасанда төбе көрсетіп қойса екен.
- «Сауалыңыз орынды. Алғашқы сауалыңызға қатысты, бізде осы мәселемен тікелей айналысатын қалалық Тұрғын үй мекемесі бар. Тиісті құжаттарды әзірлеп, жөндеу жұмыстары үшін ең төменгі мөлшерде 15 жылға несиелену алуларыңызға болады. Ал екінші сауалыңызға қатысты, балалардың ойын алаңына жөндеу жүргізу үшін биыл тағы да қосымша 875 млн теңге бөліп отырмыз. Сосын ауаларыңызға бірнеше бейнебақылау орнатуға тапсырма беріп отырмын. Учаскелік полиция туралы аудандық Ішкі істер бөлімі басшысына тапсырма беріледі».

Әзірлегендер Рая ЕСКЕНДІР,
Айнұр СЕНБАЕВА.



ТАНЫСТЫРЫЛЫМ

ЖЕТІ ТОМДЫҚ ЖИНАҚ

Сенаттың ашаршылық тақырыбын зерттеуге қосқан нақты үлесі

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Қарағанды облысына келіп, өңірдегі мәслихат депутаттарымен кездесті. Сондай-ақ, Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай ұйымдастырылған «Ашаршылық. Голод. 1928–1934» бірегей құжаттар жинағының жаңа томдарын көпшілікке таныстыру рәсіміне қатысты.

Сенаттың баспасөз қызметі хабарлағандай, сапар барысында Мәулен Әшімбаев бастаған бір топ сенатор Долинка ауылында орналасқан «ҚарЛаг» музейіне барып, саяси қуғын-сүргін құрбандарының рухына тағзым етті. Қасіретті кезеңнің ізі қалған осы тарихи орында «Ашаршылық. Голод. 1928–1934» бірегей құжаттар жинағының жаңа 6-7-томдары жұртшылыққа таныстырылды. Іс-шараға тарихшы ғалымдар мен зиялы қауым өкілдері қатысты. Бұл бастама Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен қолға алынған. Сенаттың қолдауымен іске асырылған жинақтың 2021 жылы бес томы жарық көрді.

Аталған құжаттар хроникасының авторлары белгілі отандық ғалымдар мен тарихшылар. Еңбекке енген құжаттардың басым бөлігі бұрын-соңды Қазақстанда жарияланбаған. Тіпті, кітапқа басылған сол кездегі анықтама, бұйрық, қарарлардың бір бөлігі бүгінге дейін құпия сақталып келген.

Мәулен Әшімбаев өз сөзінде өткен ғасырдың 30-жылдары қазақ халқы үшін аса ауыр болғанын, тіпті ұлт ретінде сақталып қалуға үлкен қауіп төнгенін айтты. Сол тұстағы алапат ашаршылық пен аяусыз қуғын-сүргінді зерделеп, оның ақиқатын тануға тек Тәуелсіздік алғаннан кейін қол жеткенін де тілге тиек етті. Бүгінге дейін ғалымдар бұл тақырыптар бойынша көптеген зерттеулер



жүргізіп, архив материалдарымен жұмыс істеді. Алайда, көп құжаттың құпия белгісімен сақталуы және олардың жеткіліксіздігі тарихшылардың жұмысына кері әсерін тигізіп келді. «Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен соңғы жылдарда ашаршылық тақырыбын зерттеу жұмыстары жандана түсті. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау туралы да бастама көтерді. Соның аясында мемлекеттік комиссия құрылып, бүгінде тиісті жұмыстар жүргізіліп жатыр. Нәтижесінде бұрын құпия болып келген көптеген архив материалдары ашылып, қуғын-сүргінге қатысты құжаттар негізінде көп томдық жинақ жарық көрді. Дегенмен, әлі де болса ашылмаған ақиқаттар мен жазылмаған жайттар бар», – деді Мәулен Әшімбаев.

Палата Төрағасы аталған тақырыптарды ғылыми тұрғыда зерттеп-зерделеу мәселесін күн тәртібінен түсірмеу керектігін де атап өтті. Ол Сенат бұл бағытта жүйелі жұмыс

жүргізіп келе жатқанын, қолға алынған іс алдағы уақытта да жалғасатынын айтты. «Соңғы екі жылдың ішінде Сенаттың бастамасымен ашаршылық тақырыбына арналған бес томдық құжаттар жинағы әзірленді. Соның аясында бұрын еш жерде жарияланбаған бірегей құжаттар жиналды. Жұмыс мұнымен тоқтамай, жалғасын тауып, нәтижесінде бүгін аталған жинаққа жаңа екі том қосылып отыр. Бұл жеті томдық жинақ – Сенаттың ашаршылық тақырыбын зерттеуге қосқан нақты үлесі. Осы бағыттағы жұмысты әрі қарай жалғастырудың маңызы зор. Сол себепті, Сенаттың бастамасын тиісті мемлекеттік органдар мен ғылыми институттар қолдап, зерттеулер жалғаса береді деп сенеміз», – деп Мәулен Әшімбаев жинақтың жаңа томдарының жарық көруіне атсалысқан ғалымдар мен редакция алқасына алғысын білдірді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: senate.parlam.kz).

ТАҒАЙЫНДАУ

Қалалық активтер басқармасында – жаңа басшы



Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың өкімімен Сайран Сайфеденов Алматы қалалық активтер басқармасының басшысы лауазымына тағайындалды.

Сайран Сайфеденов 1974 жылы туған. Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық университетін, Алматының үздіксіз білім беру университетін, Қазақ жол және қатынас университетін бітірген.

Еңбек жолын 1997 жылы бастаған. Алматы қаласы Алматы ауданы әкімінің аппаратында, сондай-ақ Алматы қаласы әкімі аппаратында кадр жұмысы мәселелерімен айналысты, Алматының Әуезов ауданы әкімінің орынбасары, Наурызбай ауданының әкімі лауазымдарында болды.

Әр жылдары Алматы қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, әлеуметтік әл-ауқат басқармасы басшысының орынбасары болып жұмыс істеді.

2019 жылдан бастап қалалық Активтер басқармасының басшысы лауазымына тағайындалғанға дейін Алматы қаласы Әуезов ауданының әкімі қызметін атқарды.

Нұр-ЖАМАЛ.

БРИФИНГ

ОФИЦЕРЛЕР ҰСТАХАНАСЫ

Алматыда әскери жоғары оқу орнына түсу мерзімі 15 маусымға дейін ұзартылды

ӨКҚ өткен брифингте Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері Әскери институты басшысының оқу және ғылыми жұмыстары жөніндегі бірінші орынбасары, полковник Жәнібек Сарғазин оқу орнына қабылдау, іріктеу ережелері және оқу процесі туралы баяндады.

Оның айтуынша, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, әскери құралымдарының және басқа да әскерлерінің офицерлік құрамының 80%-дан астамы институт түлектерінің есебінен толықтырылады.

Институтта 6 мамандық және 14 біліктілік бойынша мамандар дайындалады. Оқу мерзімі – 4 жыл. Осы уақытта курсанттар үш мезгіл тегін тамақпен, ақшалай стипендия және әскери киіммен қамтамасыз етіледі. Үміткерлердің денсаулық жағдайын, психологиялық және физикалық дайындығын бағалау кезінде комиссия анықтайды. 50 жылдық тарихы



бар оқу орны 17 мыңнан астам білікті офицер дайындап шығарды. 85-тен астам генерал шығарды, олардың арасында қызметін жалғастырып жатқандары да бар.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

ДӘРІС

Әскери журналистер бас қосты

Алматыда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің базасында әскери баспа, басылымдардың, Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығының, өңірлік қолбасшылықтардың баспасөз қызметтері мен ҚР Ұлттық ұлан академиясы әскери журналистерінің, құрамалардағы ұйымдастырушы-тілшілердің республикалық жиыны өтті.

Тәжірибелік сабақтардың мақсаты – Мемлекет басшысының қоғамда, мемлекетте тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі идеялары төңірегінде жеке құрамда идеологиялық жұмысты жандандыру, сондай-ақ жаһандық сын-қатер, журналистиканың қазіргі заманғы түйткілді мәселелері жағдайында елде жүргізіліп жатқан реформаларды түсіндіру.

Ұлттық ұлан ұйытқы болған әскери тілшілердің үш күндік жиынында «Әскери қызметшілердің ерлігі мен батылдығын дәріптей келе, жеке құрамды тәрбиелеудегі БАҚ өкілдерінің орны», «Facebook, Instagram және YouTube әлеуметтік желілеріндегі баспасөз қызметі офицерлері жұмысының инновациялық нысаны мен әдістері», «Құқықтық тәртіп әскері туралы теріс және сыни пікірдегі ақпаратқа қарсы іс-қимыл» тақырыптарында дәріс өткізілді. Сонымен қатар, жиынға қатысушылар Ұлттық ұлан туралы ақпаратты ғаламтор әлеміне таратуды ұйымдастыру мәселелерін талқылады.

Тәжірибелік сабақтар аясында «Бұқаралық ақпарат құралдарында патриотизмді насихаттаудағы әскери баспасөздің рөлі» тақырыбында басқосу жиыны өтті. Оған Ұлттық ұланның, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің, Алматы қаласы мен Алматы облысының әскери және құқық қорғау органдары баспасөз қызметінің өкілдері қатысты.

Жиынға қатысушылар әскердегі ақпараттық жұмыс, әскери басқару органдары мен жергілікті атқарушы билік органдарының патриотизмге тәрбиелеу жөніндегі бірлескен жұмысы, сондай-ақ қазіргі жағдайда жастарды патриоттық тұрғыда тәрбиелеумен байланысты мәселелерді талқылады. Ұлттық ұлан Бас қолбасшылығының өкілдері, ҚазҰУ басшылығы, сондай-ақ журналистика және өзара әрекеттес құрылым қызметтерінің мамандары ой-пікірін ортаға салды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жәнібек САРҒАЗИН, Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері Әскери институтының басшысының оқу және ғылыми жұмыстары жөніндегі бірінші орынбасары, полковник:

– Институттың негізгі міндеті – құрлық әскерлерінің жоғары мамандандырылған офицерлерін даярлау. Қазақ әскері үшін офицерлер дайындауда ұстаханаға айналған оқу орнымыз қашанда алдыңғы қатарда. Институт заманауи оқу-әдістемелік базамен, техникалық оқу құралдарымен қамтамасыз етілген. Институттың лекциялық аудиториялары мен кабинеттері әскери мамандарды даярлауға қажеттінің бәрімен жабдықталған. Курсанттарға тегін медициналық көмек көрсетіледі. Демалыс жылына екі рет беріледі: қыста он төрт күн, жазда бір ай. Шәкіртақыға келетін болсақ, оның мөлшері 1-2 курс үшін 12 627 теңге, 3-4 курс үшін 21 915 теңге. Институтта болашақ офицерлерді дайындап, сапалы жоғары білім алу үшін барлық жағдай жасалған.

Қайрат ДАУТОВ, Радиоэлектроника және байланыс Әскери-инженерлік институтының басшысы, полковник:

– Институт 6 мамандық бойынша даярлауды жүзеге асырады. Қазіргі уақытта 600-ден астам курсант оқиды. Оқу орнында 17 кафедра бар, оның ішінде 170 оқытушы жұмыс істейді. Оқуға түсудің барлық шарты Қорғаныс министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 35 бұйрығында егжей-тегжейлі баяндалған. Барлық талапкерлер тегін негізде оқуға қабылданады. ҰБТ нәтижесі бойынша өту балы кемінде 50 балды құрайды. Институтқа түсу үшін бейіндік пәндер физика және математика болып табылады және осы пәндер бойынша ҰБТ-да ең төменгі бал 7 балды құрайды. Жергілікті әскери басқару органдарына өтініш беру мерзімі оқуға түсу жылының сәуір айына дейін болатын. Биыл талапкерлер өтінішін ескере отырып, Қорғаныс министрі бұл мерзімді 15 маусымға дейін ұзартты.



ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ

басты назарда болуы керек

Үкімет отырысында 2022-2023 жылғы оқу жылының аяқталуы және каникул кезінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және еңбекпен қамтылуын ұйымдастыру мәселесі қаралды. Биыл 2,8 млн бала жазғы демалысқа шығып, сауықтыру шараларымен қамтылмақ.

Күн тәртібіндегі мәселелерге орай атқарылатын шаралар жайлы Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов әңгімеледі. Балаларды сауықтыру және демалыс орындарында санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау жөніндегі шаралар туралы Денсаулық сақтау министрі Ажар Ғиният баяндама жасады. Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен жиында аталмыш мәселеге орай өңірлерде жүргізіліп жатқан жұмыстар да әңгіме арқауына айналды.

Алқалы жиында айтылғандай, еліміздің барлық өңірінде балаларға бағытталған туристік өнімдер желісі кеңейтілетін болады. Сонымен қатар, Kids Go Free отбасылық туризм бағдарламасын іске асыру жалғасады, оның аясында туристік пакет ішінде балалардың ұшақ билеттерінің құны субсидияланады. Бірінші жылдың қорытындысы бойынша бұл қызметті 1,5 мың бала пайдаланды. 700-ге жуық отбасы 70 млн теңге үнемдеді. Биыл 2 мыңнан астам бала осы бағдарламамен қамтылады деп күтілуде. Мемлекет инфрақұрылымды дамыту, білім сапасын көтеру, тәрбие жұмысын күшейту, балаларды қосымша біліммен қамту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізуде. «Бірнеше күннен кейін кезекті оқу жылы аяқталып, балалар жазғы демалысқа шығады. Оны пайдалы әрі қызықты өткізгісі келеді. Сондықтан біз бала денсаулығын нығайтуға,



ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

- Биыл елімізде оқу жылын 3,7 млн-нан астам оқушы аяқтайды.
- 11-сыныпты 172 мың түлек бітіреді.
- «Алтын белгіге» үміткерлер саны – 6,8 мың түлек.
- Қорытынды емтихандар 9-сынып үшін 4 пән бойынша 2–13 маусым аралығында, ал 11-сынып үшін 5–19 маусым аралығында 5 пән бойынша өтеді.
- Жазғы демалыспен және сауықтыру шараларымен 1–10-сынып оқушыларының 85%-дан астамы, яғни әлеуметтік осал санаттағы 500 мыңға жуық баланы қоса алғанда, шамамен 2,8 млн бала қамтылмақ.
- Жалпы, 218 қала сыртындағы және 10 мыңнан астам мектеп жанындағы бейінді және шатыр лагерьлер өз есігін айқара ашады.
- Жазғы демалыс аясында балалар үшін мәдениет саласы бойынша 500-ден астам, спорт және туризм саласы бойынша 300-ден астам іс-шара ұйымдастырылмақ.

білімдерін толықтырып, жақсы демалуына жағдай жасауымыз керек», – деді Әлихан Смайылов.

Балалардың спорт секцияларына және шығармашылық үйірмелерге тегін баруына мүмкіндік беру үшін жергілікті бюджеттен 93 млрд теңге бөлінген. Оқушыларға арналған 50 сауықтыру лагерін, 100 инновациялық шығармашылық орталығын салу бойынша жұмыстар жүріп жатыр. Бұл нысандардың құрылысы 2026 жылы аяқталуы тиіс. Үкімет басшысы балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру кезінде көптеген маңызды мәселелерді ескеру қажеттігін айтты. «Жазғы демалыста балалардың қауіпсіздігі басты назарда болуы керек. Ішкі істер, Төтенше жағдайлар, Оқу-ағарту, Денсаулық сақтау министрліктері, өңір әкімдері тиісті қызметтердің тұрақты жұмысын қамтамасыз етуі қажет», – деді Әлихан Смайылов.

Үкіметбасы өңір әкімдіктеріне әлеуметтік осал топтағы балалардың жазғы демалысын ұйымдастырып, оларды сауықтыру шараларымен барынша қамтуды тапсырды. Осы орайда әкімдер жаз айларында оқу орындарындағы қауіпсіздік жүйелерін жаңғыртып, жабдықтау жұмыстарын күшейтуі тиіс. Балалардың бос уақытын тиімді өткізу мәселесі ерекше назарда болуы керек. Олардың денсаулығына скрининг жасау, стоматологиялық тексеру жүргізу үшін жылжымалы медициналық пункттердің жұмысын ұйымдастыру қажеттігі нақтыланды. Одан бөлек, қоғамдық орындарда балалардың тамақтану сапасын бақылау, тамақтану және ойын-сауық орталықтарындағы санитариялық жағдайды қамтамасыз ету маңызды екені айтылды.

Жиынды қорытындылай келе, Әлихан Смайылов ішкі туризмді дамыту шеңберінде экскурсиялық-танымдық іс-шараларды ұйымдастырып, балалардың табиғат аясына саяхаттарын көбейтіп, каникул кезінде оқушылардың музейлерге, театрларға, корықтарға, ұлттық парктер мен спорттық объектілерге тегін баруларын қамтамасыз етуді тапсырды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЖҰМЫС САПАРЫ

ЖАТАҚХАНА ҚҰРЫЛЫСЫ

жүйелі жүріп жатыр

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек жұмыс сапарымен Алматы қаласына келіп, жаңадан салынып жатқан жатақханалар құрылысымен танысты.

Жалпы, еліміздің 2023–2029 жылдарға арналған Жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасында осы саланы дамытудың барлық стратегиялық міндеті мен көрсеткіші қамтылған. Мәселен, 7 жыл ішінде жыл сайын жаңадан 10 мың орын ашу жоспарланған. Осы мақсатта Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Алматы қаласы әкімшілігінің арасында Меморандумға қол да қойылған еді.

Алматы – еліміздегі ең үлкен қала. Мұнда 36 жоғары оқу орны орналасқан. Алматыда 188 мың студент оқып жатқандықтан жатақхана тапшылығы өткір мәселеге айналуы заңдылық. Дегенмен, бұл тығырықтан шығудың да тетігі табылып, қазір қалада бірнеше жатақхана құрылысы бой көтеріп жатыр.

Мәселен, әл-Фараби атындағы ұлттық университетте алғашқы құрылыстың қадасы қағылып, 2026 жылға дейін 12 мың студентті қамтитын 12 жаңа жатақхана бой көтеретін болды. Сонымен қатар, Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің студенттері үшін 955 орынды және 1126 орынды екі жатақхана, Қазақстан инженерлік-техникалық университетінде 1200 орынды, Т.Жүргенов атындағы өнер академиясы мен «Нархозда» жаңадан бой көтеріп жатқан жатақханалардың құрылысы қызу жүріп жатыр. Сәтін салса, еліміз бойынша 2025 жылға дейін 75 жаңа жатақхана салу жоспарланса, оның 25-і Алматы қаласында салынатын болады.

– Алматы қаласы бойынша қазір жоспардағы 25 жатақхананың 17-сінің құрылысы, 8 жатақхананың



жаңғырту жұмысы басталды. Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек Қазақ-Британ техникалық университеті студенттеріне арналып салынып жатқан 980 орынды жатақхана құрылысымен танысып, оның жұмысына жоғары баға берді. Аталмыш құрылыс жұмысы осы жылдың соңына дейін толығымен аяқталатын болады. Жалпы, Алматы қаласында жатақхана салғысы келетін жекеменшік инвесторлар өте көп екені куантады. Мәселен, 3 айдың ішінде 93 инвестор өз ұсынысын айтып, ықылас танытып отыр, – дейді «Жобалық кеңсе» жетекшісі Дамир Кутумов.

Жалпы, жатақхана салу бір ғана студентті орынмен қамту мәселесін шешпейді. Жатақхана салу құрылысы басталысымен уақытша жұмыс орындары, сосын жұмысын бастағанда жаңадан тұрақты жұмыс орындары ашылатын болады. Мәселен, бір ғана жатақхана салу кезінде 100-ден 400-ге дейін жұмыс орны ашылатын көрінеді.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КӨЛІК

Қазір самокат мініп зырылдап бара жатқан үлкенді де, кішіні де жиі көруге болады. Алайда, қаламыздың жас тұрғындарының өмір қауіпсіздігіне кім жауапты? Осыған орай, Алматыда электрсамокаттарды жалға беретін компания өкілдері ата-аналармен жиналыс өткізді.

АБАЙЛАҢЫЗ, САМОКАТ!

Оқушылардың жалдамалы самокаттармен жүруі жиілеп барады. Олар үшін ата-ана жауап береді

Компания өкілдері электрсамокаттарды пайдалану ережелерін түсіндіріп, жан-жақты мәлімет берді. Оқушылардың электрсамокаттармен жүргені үшін ата-ана жауапты екенін ескертті. Кикшеринг компанияларының мәліметінше, электрсамокатты жалға алуға 18 жасқа дейін шектеу қойылған. Бірақ оқушылардың жалдамалы самокаттармен жүруі жиілеп барады.

Басы ашық мәселе – кикшеринг қосымшасында тіркелу үшін банк карталарының деректері қажет, ал балалардың карталары автоматты түрде қабылданбайтыны белгілі. Әрине, балалардың ата-аналары мен туыстарының банк карталарын пайдаланатыны белгілі. Компания өкілдері бұл мәселенің, ең алдымен, бала қауіпсіздігіне қатысты екенін баса айтты. Кәметке толмаған тұлғалар мінген электрсамокат жол-көлік оқиғасына ұшыраса, онда заң бойынша ата-ана жауапқа тартылатынын ескертті.

Сонымен қатар, жақында электрсамокаттарды пайдалану бойынша жүргізу мектебінің ашылатынын жеткізді. Тәжірибелі нұсқаушылар кәмететтік жасқа толған барлық ниет білдірген жандарға самокаттарды қала жағдайында қауіпсіз және дұрыс пайдалануды тегін үйретеді. Қала тұрғындары самокаттарды дұрыс жүргізуді және тұраққа қоюды үйренеді, сондай-ақ жеке қозғалыс құрылғысын пайдалану ережелерімен танысады. Электрсамокаттарды жалға беру қызметін ұсынатын компаниялар мұндай оқытуды апта сайын қаланың әр бөлігінде ұйымдастыратын болады. Жүргізу мектептері 27 мамыр күні сағат 14.00-де Абай даңғылы, Орталық стадион алдында, 2, 3 маусым күндері Достық даңғылы, Республика сарайы алдында сағат 10.00 мен 20.00 аралығында өтетін болады.

Әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



ГАЗ ҚҰБЫРЫ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ НЫСАН

құрылысы жоспарға сәйкес жүруде



«QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Мейірбек Ихсанов пен «Интергаз Орталық Азия» АҚ Бас директоры Манас Тасыбаев Алматыда ЖЭО-2 және ЖЭО-3-те газ құбыры инфрақұрылымын салу барысын тексерді.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

«QazaqGaz» ҰК» АҚ еншілес компаниясы «Интергаз Орталық Азия» АҚ-ның Алматы ЖЭО-ны газға ауыстыру жөніндегі Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, екі автоматтандырылған газ тарату станциясының құрылысын бастады.

АГТС өнімділігі 250 және тиісінше 150 мың м³/сағ құрайды. Бұдан басқа, қуаттылығы сағатына 1000 мың м³ «Алматы – Байсерке – Талғар» және «Қазақстан – Қытай» магистральдық



газ құбырлары арасында ТІР-04 газ жалғастыру құбырын салу жүзеге асырылуда.

«Табиғи газды берудің қосымша көзі одан әрі энергетикалық қауіпсіздікті ұстап тұруға және Алматы облысы бойынша оның ішінде ЖЭО-2 және ЖЭО-3 газдандыруды ескере отырып, Алматы энергетикасы үшін газды сенімді және үздіксіз тасымалдауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді», – деді Мейірбек Ихсанов.

Жобалық құжаттамаға сәйкес, мердігер ұйымдар қажетті жабдықтаулық тапсырыс беріп, оның мерзімін

де жеткізілуі күтілуде. АГТС және ТІР-04 газ жалғастыру құбырын салуды аяқтау 2023 жылғы желтоқсан айының соңына жоспарланған.

Жобаны іске асыру Алматы қаласы мен оның маңындағы ауаның ластануын азайту есебінен адамдардың өмір сүру сапасын жақсартады, сондай-ақ өсіп келе жатқан энергия тұтынуды өтейді деп күтілуде.

«Қоршаған ортаға әсерін барынша азайта отырып, Алматы ЖЭО-ын жаңғырту» жобасы «Самұрық-Энерго» АҚ басшылығымен іске асырылуда. Өз кезегінде QazaqGaz газ инфрақұрылымының құрылысымен айналысып жатыр.

БАСПАСӨЗ ТУРЫ



АЛЫП ЗАУЫТ

өзгелерге үлгі болып отыр

Биыл көпірлер мен жол өтпелерін салуға арналған құрама бетонның ірі өндірушісі – «Алматы көпір құрылымдары зауыты» ЖШС кәсіпорының 60 жылдық мерекесін атап өтуде.



Айнабай
МӘДИ

Өндіріс орнына сапарлаған баспасөз туры барысында көп нәрсеге көз жеткізіп, зауыттың жарқын болашағын барлағандай болдық. Алпыс жылдық тарихы бар өндіріс орнында жұмыскерлердің өнімді жұмыс істеуіне барлық жағдай жасалғаны байқалады. Кәсіпорында салалық медпункт, шаштараз, жаттығу залы, тіпті бассейн де бар екен. Зауыт еңбеккерлерінің тынығуы мен әлеуметтік жағдайына да баса көңіл бөлінгендігі білініп тұр. Алып зауыттың қалыптау, арматура цехтарында, стандарттау, сертификаттау, метрология және экология бөлімінде, сынақ зертханасында болғанымызда өндіріс тынысынан мол хабардар болдық.

Алпыс жылдық асуда «АКҚЗ» ЖШС өз сегментіндегі Қазақстанның жол саласының ірі кәсіпорны, әрі ТМД елдеріндегі жетекші өндіріс орнына айналды. Зауыт жол және азаматтық құрылысқа қажетті 360-тан астам бұйым мен құрылым шығарады. АКҚЗ-ның өндірістік қуаты жылына 170 000 м³-тен астам құрама бетон мен темірбетонды құрайды.

«Өз өнімдерімізді алдымен еліміздің аумағына, сосын көршілес Қырғызстанға, Өзбекстанға, Ресейге шығарамыз. Сондай-ақ, өндіріс өнімдері елімізде жұмыс істейтін Түркия мен Қытайдан келген компанияларға сатылады. Жыл сайын кәсіпорын мемлекеттік бюджетке 1,5 млрд теңгеден астам салық төлейді. Осы күні кәсіпорын 1000-нан астам адамды жұмыспен қамтамасыз етіп отыр», – деді зауыт

директорлар кеңесінің төрағасы Шухрат Шардинов БАҚ өкілдеріне.

АКҚЗ Батыс Сібір мұнай-газ кешеніне, Үлкен Алматы каналы, «Медеу», «Батыс Еуропа – Батыс Қытай», «Нұрлы жол» және «Нұрлы жер» тәрізді жобаларға қатысып, бағын сынады.

Айта кетерлігі, Алматының Үлкен айналма автожолына, барлық көпір мен жолаушы-тарының құрылысына АКҚЗ қосып жатқан үлесі қомақты. Кәсіпорын мұнай және газ

жолақтарын салуда қолданылатын темірбетон конструкцияларының көптеген түрлерін шығарады. Мәселен, Шымкент, Ақтөбе, Астана және Талдықорған қалаларының облыс орталықтары әуежайларының ұшу-қону жолақтары «АКҚЗ» ЖШС өндірген әуежайларға лайық темірбетон өнімдерімен салынды.

Компанияның заманауи конструкциялық материалдары Семей қаласындағы Ертіс өзені арқылы өтетін Орта Азиядағы ең ірі көпірдің құрылысына да қолданылды. Сон-

дай-ақ, зауыт Павлодарда Ертіс өзені арқылы өтетін көпір салу, Осакаровка кентінің (Қарағанды облысы) айналма жолына, Алматы–Өскемен, Орталық-Оңтүстік, Орталық-Шығыс автожолдарына, Алматы және Астана жолаушылары мен жолөтпелеріне өнімдер шығаруда.

Зауыт әлемдік стандарттарға сай, жаңа технологияны қолдана бастаған. «АКҚЗ» ЖШС халықаралық ISO 9001 – 2008, ISO 14001–2004, BS OHSAS 18001–2007 менеджмент стандарттары бойынша басқару жүйесін ойлап шығарды. Бұл стандарттарды өз жұмысында енгізіп те үлгерді. Оны ұлыбританиялық «MOODY INTERNATIONAL» компаниясы сертификаттады. АКҚЗ зауытының бірі көпір салу кезінде қаражаттың 15%-на дейін үнемдеуге мүмкіндік беретін 42 метрлік ТБН типті көпір арқалықтары болды. Бүгінде ұзындығы 42 метрлік арқалықтың үш түрі шығарылады, олардың екеуі ТМД-да баламасы жоқ. Міне, жетістік деген осы!

«АКҚЗ» ЖШС Global Quality Management Livited (Gqm) халықаралық ұйымы Женевада (Швейцария) өткен конкурста және Франкфурт қаласында (Германия) шығарылған өнімнің жоғары сапасы үшін XVIII халықаралық конкурста тапсырған екі бірдей марапатқа ие болды. ЖШС конструкциялық материалдарының сапасы мен оларды дайындаудың тиімді технологиясы қазіргі елімізде жоғары бағаланып, көптеген марапатқа ие болды. Директорлар кеңесі төрағасының «2014, 2020 жылдары зауыт екі рет ҚР Президентінің «Алтын сапа» – «Өнімнің мінсіз сапасы үшін» сыйлығын алды. Ұжыммыз осынау бәсі биік сыйлыққа екі мәрте ие болған отандық жалғыз компания» деуінде үлкен мән бар. Индустрияландыру мен экономиялық өсуді қамтамасыз ету мақсатында кәсіпорын жыл сайын технологиялық инновациялық жабдықтауды жаңғыртуға өз қаражатын инвестициялайды. Соңғы 5 жылда өндіріске салынған инвестициялар көлемі 4 млрд 3 млн теңгені құрады.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



Көк байрақ, Елтаңба мен Әнұран әрбір қазақстандықтың жүрегіне мақтаныш ұялатып, отаншылдық рухын асқақтатады.
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.



4 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ

ТУЫМЫЗ ТҰҒЫРЫНАН ТҮСПЕСІН!

«Көк Тудың желбірегені, жаныма қуат береді»



Айнұр
СЕНБАЕВА

Түркі халықтарының әрқайсысының өздеріне тән жалауы болғаны тарихтан белгілі. Кезінде жауынгерлер матаның қиындысын иықтарына, дулығаларына жапсырып алатын. Әскерлерді бір-бірінен ажырататын белгісі де осы болғандықтан жалау ашық түсті, көзге бірден көрінетіндей болған.

Ақтамберді жыраудың:
«Қоңыраулы найза қолға алып,
Қоңыр салқын төске алып,
Қол төңкерер ме екенбіз.
Жалаулы найза жанға алып,
Жау қашыра ма екенбіз», –

деген өлең жолдарында батырларымыздың жаудың үрейін алу үшін найзасына қоңырау мен жалау байлағаны айтылады. Яғни халқымыздың түсінігінде ту тігу, жалау байлау қастерлі ұғым.

Бұрынғының батырлары «ту тігілді» дегенді естісімен бес қаруын сайлап, атқа қонып, демде сол тудың түбіне жиналған.

Шайқасқа шығар алдында әр сарбаз атының кекіліне өздеріне тән шүберек байлайтын болған екен. Сол шүберек арқылы көшпелілер өз әскерін өзгелерден ажырататын. Осы бір үрдіс ту байлау аталып кеткен. Ақтамберді жыраудың «Жауға шаптым ту байлап, шепті бұздым айғайлап» деген сөзі осындайда айтылған.

«Тудың жығылуы» қазақы дүниетанымыда жаман ырымға саналады. Мұның түпкі мағынасы адамның сағы сыну, рухы мұқалу дегенді білдіреді. Туы жығылған тарап жеңіліс тауып, құты қашқан. Жаудың туын жығып, өздерінің туын тігу қиян кескі шайқастағы жеңістің басы саналады. Өткен ғасырдың үлкен трагедиясы Екінші дүниежүзілік соғыста Рейхстагқа ту тіккен бабамыз Рақымжан Қошқарбаевтың есімі тарихта аңыз болып қалды.

Сонымен, байрақ пен тудың қолданыстағы сипаты бір болғанымен, айырмашылығы да жоқ емес екен. Этнограф ғалымдардың айтуынша, байрақта тотемдік сипат басым. Көне жыр дастандарда бөрілі байрақ деген тіркес жиі қолданылады.

Атақты Сүйінбайдың:

Бөрілі байрақ астында –
Бөгеліп көрген жан емен!
Бөрідей жортып кеткенде,
Бөлініп қалған жан емен! –

деген жыр жолдарындағы бөрілі байрақ қасқырдың басы қадалған сырық сап. Ежелгі замандағы байрақтың сипаты осындай болса керек. Кейіннен матаға

Тәуелсіздіктің символы саналатын рәміздердің бірі – Ту. Түп-тұнық көк әлеміндегі жерге нұрын төккен күннің астында қанатын жайған қыран бейнеленген Көк Туымызды кейде Көк байрақ деп те атаймыз. Байрақ, ту деген бір-бірімен мәндес ұғымдар. Бірақ байрақтың тарихы тудан гөрі әріректе екенін әдебиеттегі шығармалардан білеміз, бертін келе байрақ жалау мен тудың пішінін алған.



түрлі жан-жануарлар мен құстардың бастарының суреттері салынып, байрақтың бастапқы сипаты біраз өзгерген. Бірақ бөрілі байрақ қалың қолдың намысын жанып, рухын көтеретін қастерлі дүние ретінде бағаланды.

Ертеректе ту ұстаушы, байрақшы деген атқа ие болудың өзі үлкен мәртебе болса керек. Қазіргі кезде де мектептегі үздік оқушылар, абыройлы сарбаздар үлкен жиындарда ту ұстау мәртебесіне ие болады.

Ғасырға ғасыр жалғанып, қоғам жаңарған қазіргі заманда кешегі бабалардың рухын аспандатқан бөрілі байрақ тарихи жәдігерге айналды. Бүгінде Көк Туымыз көкке өрлеп, көңілді өсіреді.

«Көк Тудың желбірегені,
жаныма қуат береді.
Таласқа түссе жан мен ту,
жан емес маған керегі,
Көк Тудың желбірегені...».

Белгілі ақын Алмас Ахметбекұлының айтып отырғаны да біздің айтар қорытындымыз болса керек.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ескендір ИБРАГИМ,
әнші:

Еліміздің айбыны

Мемлекеттік Ту – ердің жаны, еліміздің айбыны. Кезінде бабаларымыз бір жапырақ ту үшін өмірін қиған, батырларымыз азаттық жолында қан төккен. Ата-бабамыз аңсап жеткен тәуелсіздікті мәңгілік ету, туымызды биік ұстау біздің асыл борышымыз. «Көк аспанның бір құлашын жыртып алып ту еткен – батырлықтың айғағы» деген бір әдемі сөз бар. Расында, бұл бізге Алланың бұйырған бақыты. Біздің елдің жігіттері, біздің халқымыз әрдайым туын басынан биік ұстаған. Тарихи тағдымдарға қарайтын болсақ, кезінде бабаларымыз жаугершілік заманда ту ұстаған қолын шауып тастаса, екінші қолымен туын қағып алған екен, екінші қолын шауып тастаса, тісімен туын қағып алып, туын жерге түсірмеген деген аңыздар тараған. Осы аңыздар шындыққа жанасады деп ойлаймын. Біз осындай елдікті, азаттықты аңсаған батыр елдің ұрпағы болғаннан кейін бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның байрағын төрден төмен түсірмеуіміз керек.



ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

ТЫРЫСҚАҚ – ҚАУІПТІ ДЕРТ

Әуежайда індеттің таралуына жол берілмейді



Айнабай
МӘДИ

Көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің Алматы бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы мен қалалық санитариялық-карантиндік бөлімі басшыларының ұйытқы болуымен, басқа да құзырлы органдардың белсене атсалысуымен Алматы халықаралық әуежайында аса қауіпті инфекцияға (тырысқаққа) күдікті науқас анықталған жағдайдағы іс-шараларға орай оқу-жаттығу сабағы өткізілді.



Еліміздің аумағына карантиндік, басқа да аса қауіпті инфекциялардың әкелінуі мен таралуын болдырмауға байланысты өткізілген бұл сабақтың сценарийінде «Гоа – Алматы» бағыты бойынша № JC 521 халықаралық рейсін орындаған әуе кемелерінің бірінің бортында жіті ішек инфекциясының белгісі білінген жолаушы жағдайының нашарлауы (айқын диарея, құсу мен құрысу шағымы) қарастырылған. Әлбетте, тырысқақ – бұл ішектің *Vibrio-cholerae* бактериясымен инфекциялануы нәтижесінде дамидын диареялық ауру. Мұндайда әуе кемесінің бортында карантиндік, басқа да аса қауіпті инфекцияға күдікті науқас анықталған кезде әуежайдың барлық қызметімен бірге, мүдделі ұйымдар мен ведомстволардың өзара келісілген іс-әрекеті үйлесуі керек.

Жаттығу шынайы жағдайға жақын өтті. Әуе кемесінің бортын дезинфекциялауды қалалық дезинфекциялық станция мамандары жүргізді. Бірлескен оқу-жаттығуға Алматы халықаралық әуежайының қызметтерімен бірге, «SCAT» әуе компаниясының экипажы мен борт-серіктері, М.Айқымбаев атындағы аса қауіпті инфекциялары ұлттық ғылыми зерттеу орталығы, Талдықорған қаласының обаға қарсы станция филиалы, И.Жекенова атындағы қалалық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасы, Алматы бөлімшелік СЭБ, «Қазақэронавигация» медициналық орталығының өкілдері, кедендік бақылау бекеті, шекаралық бақылау жасағы, әуежайдың желілік полиция бөлімі, қалалық денсаулық сақтау басқармасы, жедел медициналық жәрдем станциясы, Алматы қаласының ҰСО, Алматы қаласының төтенше жағдайлар департаментінің мамандары тартылды.

«Тырысқақ вибрионымен күресті қамтамасыз етуде айтарлықтай жетістікке қарамастан, халықаралық ұйым сарапшыларының пікірінше, эпидемия қаупі әлі сақталуда. Әуежайдағы мына оқу-жаттығу сабағының міндеті – барлық жағдайды бақылауда ұстау, ауру ошағын уақытылы анықтау әрі жою үшін барлық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау, денсаулық сақтау, жергілікті құзыретті атқарушы органдардың тығыз байланыстағы өзара әрекетін сынақтан өткізіп, пысықтап алу болды», – деп мәлімдеді Көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің Алматы қалалық санитариялық-карантиндік бөлімінің басшысы Рыскүл Мирманова.

ТАЛҚЫЛАУ

ЗАҢСЫЗ ШЫҒАРЫЛҒАН АКТИВТЕР ҚАЙТАРЫЛАДЫ

Алматы қаласы бойынша Экономикалық тергеу департаменті ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың заңсыз шығарылған активтерді елге қайтару туралы тапсырмасын орындау мақсатында көшпелі отырыс өткізді.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Жиында ҚР Қаржы мониторингі агенттігінің қызметі, елден заңсыз шығарылған активтерді қайтару мәселелері талқыланды. Жиынға Сенат депутаттары, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы Андрей Лукин, Парламент Сенатының депутаты Мұрат Болатұлы, ҚР қаржылық мониторингі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі қызметкерлері, ҚР Ұлттық банкінің басшылары мен өкілдері қатысты. Кездесуге қатысушылар «Заңсыз салынған активтерді мемлекетке қайтару туралы» және «Қазақстан



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне есірткі, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР заңдарының жобаларын талқылады.

«Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің отырысы ҚР Парламенті Сенатының негізгі іс-шаралар жоспарына сай

ұйымдастырылды. Күн тәртібінде қаралған басты мәселе – Мемлекет басшысының тапсырмасын орындауда қаржылық мониторингі агенттігінің қызметі. Өздеріңізге белгілі, аталған мәселе ҚР Президентінің тікелей бақылауында. Бұл бағытта мемлекеттік органдармен бірқатар маңызды шара атқарылуда. Осы жұмыстардың нәтижесі мен сапасын бірлесіп, жан-жақты қарастырған жөн», – деді Мұрат Болатұлы.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!



Уақытша су болмайды

Сумен жабдықтау желілеріндегі жоспарлы жұмыстарға байланысты Алматының бірқатар шағынаудандары бір күнге суық судан ажыратылады.

«Алматы Су» МКК-нің хабарлауынша, 30 мамыр күні сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін «Орбита-1, 2, 3, 4», «Тауғұл-1, 2», «Мамыр-1, 4, 5, 6, 7», «Алмас», «Атамекен», «Қуаныш», «Достық» шағынаудандары мен М.Кәрім, Цветочная, Ықылас, Тойбастар, Тайбұрыл, Пролетарская көшелерінде орналасқан тұрғын үйлер мен өзге де ғимараттарға суық су беру уақытша шектеледі. Уақытша келтірілген қолайсыздықтар үшін кешірім сұраймыз. Анықтама телефоны: 274-66-66.

СӘТТІ ОТА

КӨРЕР ЖАРЫҒЫ БАР ЕКЕН

Алматылық дәрігерлер денесінің 94%-ы күйіп қалған науқасты аман алып қалды

Қатты күйіп қалған Антон есімді пациент №4 қалалық клиникалық ауруханасына жеткізіліп, шұғыл түрде жансақтау бөліміне жатқызылған. Сөйтіп, реаниматологтар жігіттің өмірі үшін 20 күн күресті.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

«30 наурызда көлігімнің аккумуляторы отырып қалды. Оны тұтатпақ болғанда от шығып, үстімдегі киімімнің бәрі өртке оранды. Қатты күйіппін, қаншама операцияны бастан өткердім. Бүгін қалыпты өміріме оралып, жүре алатын, өзімді күте алатын халге жеттім», – дейді Антон.

Науқас мамандандырылған күйік



бөлімінде бір айдан астам уақыт жатты. Күйік хирургтары оған бір мезгілде аутодермопластикамен некрэктомия отасын жасады. Басқаша айтқанда, олар күйік қабыршағын алып тастап, бүтін терімен жамады.

«Бұл бірегей жағдай деп атар едім, яғни бас, бет, мойын, дене, аяқ-қолдың

94%-ының I-II-IIIa-IIIb дәрежесіндегі термиялық күйігі. Қазіргі уақытта науқастың алған күйігі қалпына келу сатысында», – деді дәрігер-комбустиолог Диас Дәулетбеков.

Ал өлім аузынан қалған Антонның ақ халатты білікті дәрігерлерге айтар алғысы шексіз.



31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

Ғарифолла ӘНЕС:

АШАРШЫЛЫҚ АҚИҚАТЫ

1932-1933 жылдардағы қазақтың басына түскен ұлттық апаттың шындығы әлі ашылмай келеді

Ғарифолла Әнес – Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, репрессияға ұшыраған Қазақстан зиялыларының мұрасын зерттейтін «Арыс» жеке қорының президенті. Ғылыми жұмыстары қазақ тілінің тарихына, этимология мен лексикология, Махамбет шығармаларының тілі мәселелеріне арналған. Х.Досмұхамедовтың «Аламан» және «Исатай – Махамбет» жинақтарын, «Наурыз: жаңғырған салт-дәстүрлер», «Бекет ата» кітаптарын құрастырып, шығарушылардың бірі. Алаш зиялыларының тағдыры туралы деректерді жинастырып, бірнеше кітаптар құрастырған ғалым.

«ЖЕТІСУДІҢ ШЕРЛІ ТАРИХЫ»

XX ғасыр нәубет-зұлматтарын саралап, қуғын-сүргін құрбандарын ғылыми-зерттеу жұмыстары пандемия уақытында тоқтап қалды. Оған дейін біраз зерттеу жұмысымен айналыстық. Өзіміздің ғалымдармен қатар, шетелдік ғалымдармен, оның ішінде қырғыздармен байланыс орнатылды.

Алашорда үкіметі тұсында Батыс Алашордасы, Семей Алашордасы, Торғай Алашордасы болғанымен, Жетісу Алашордасы деген болмады. «Арыс» қоры «Жетісудің шерлі тарихы» атты ғылыми-зерттеу бағдарламасын ұсынды. Министрлік бекітіп, Алматы облысының ғалымдары қолдады. Кеген, Жаркент архивтерінен бұрын-соңды зерттеушілер назарынан тыс қалған құнды архивтік деректер, шекараны заңсыз кесіп өткен босқындардың тізімдері табылды. Осы жұмысты бастарда алдымыздан бірнеше мәселе шықты. Өйткені, тарихта ең көп көтеріліс болған өңір – Алматы облысы. Көтерілістердің тарихы әлі зерттелмей тұр. Ең көп қырылған да осы облыстың халықтары болды.

АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫН ҰСТАЗ ТҮТҚАН

Қырғыз елінде «Алаш» партиясының қырғыз филиалы» мәселесі жан-жақты зерттеліп, бірнеше еңбек жарық көрді. Мәселен, Қырғыз Республикасы Жоғарғы Кеңесінің экс-төрағасы, қырғызстандық ғалым Зайнедин Құрманов 2000 жылдары «Алашорданың қырғыз филиалы» деген кітап жазды. Қырғыз қайраткерлері Ахмет Байтұрсынұвты, Әлихан Бөкейханов пен Халел Досмұхамедовті, т.б. көптеген Алаш зиялысын ұстаз тұтқан. 1922 жылдың желтоқсанында Ташкентте «Қазақ-қырғыз мәдениетін көркейтудің талап қоғамы» деген қоғам құрылып, оның басшысы Халел Досмұхамедов болды. Ташкентте Түркі республикасында қырғыз халқының алғашқы баспасөзі жарияланып, этнографиясы зерттелді. Үлкен жұмыстар жүргізілді. Біздің қазіргі күні атқарып жатқан ең үлкен жұмыстарымыздың бірі – бұрынғы Алматы округі Жетісу өңіріндегі Алаш қозғалысының тарихын зерттеу. Алаш әскері деп жүргеніміздің бәрі осы Жетісу өлкесінде құрылды.

Жаңалық ауылында біраз адамның сүйектері шашылып жатыр. Оларды экспертизадан өткізу керек. Биыл археологиялық қазба жұмыстары басталды. Боралдай маңында 19 комиссарымыз жерленді деген әңгіме бар. Биыл Жаңалық ауылының маңы, келесі жолы Боралдай қазылады. Табылған адам сүйектерін қайтадан арулап, жерлемекшіміз. Ол да үлкен мәселе. Сондай-ақ, биыл бірнеше кітаптың тұсауы кесіледі. Солардың бірі – Моңғолиядан келген жазушы Сұраған Рахметұлының

«Моңғолиядағы 1937-1938 жылдардағы қуғын-сүргіннің тарихы» еңбегі. Бұл еңбекте бірнеше қазақтың аты-жөні кездеседі. 1937-1938 жылғы үлкен террордың кезінде бетке шығар адамдардың бәрін атып тастаған. Моңғолиядағы үлкен террор туралы Сұраған Рахметұлының осы еңбегінде толық баяндалған. Кітап бірнеше тиражбен жарыққа шығады. Биыл мамырдың 31-і күні тұсауы кесіледі.

Қазақтан шыққан зиялылардың ішінде есімі айтылмай жүрген азаматтар көп. Ұлттық интеллигенция өкілдерінің бәрін зерттеу керек. Қазіргі бағыттарымыздың бірі – осы.

ӘЛІ КҮНГЕ ДЕЙІН ЖАБЫҚ ТАҚЫРЫП

Біздегі тағы бір маңызды мәселе – ашаршылық. Әлі күнге дейін жабық тақырып болып тұр. 1932-1933 жылдардағы қазақтың басына түскен ұлттық апаттың шындығы әлі ашылмай келеді. Осы мәселеге келгенде ескі кеңестік идеологияның сарыны байқалып-ақ қалады. Атақты 58-бап бар. 1936 жылы біз одақтас республика болдық. Бірақ 1937-1938 жылдары адамдардың бәрі РСФСР-дің қылмыстық кодексімен атылған. Соның конституциясымен өмір сүргенбіз. Ол баптың бірнеше тармағы бар. Атылғандардың бәрі қазір толық ақталды деуге болады. Ал қазақ жерінде болған ең үлкен 30–40 көтерілістің басшылары мен көтеріліске шыққандар 59-бап (бандитизм) бойынша жаза алған. Құпия туралы заңда «Кеңес үкіметіне қару алып, қарсы шыққан адамдарды ақтауға болмайды» деген бап тұр. Соның кесірінен әлі ақтай алмай отырмыз. Ел Президентінің 2020 жылы құрбандарды толық ақтау туралы Жарлығы шыққаннан кейін осы істер қайта қаралып жатыр.

КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢНІҢ ЕҢ ҮЛКЕН ҚҰПИЯСЫ

Сотталса да, аттыса да, жер аударылса да, ол адамның ісі бар. Архивте тұр. Негізгі заң бойынша да, әлемдік тәжірибеде де 50 жылдан кейін архивтердің бәрі ашылу керек. Тіпті, өте құпия деген мемлекеттік архивтердің өзі халықаралық конвенсия бойынша 70 жылдан кейін ашылады. Кез келген адам қайтыс болғаннан кейін 70 жыл бойы оның мұрагерлігі сақталады. Одан кейін мұрагерлігі жойылады. Бізде қазір не Кеңес Одағы жоқ, не оларды атқан, соттаған коммунистік партия жоқ. Бірақ біз сол заңды әлі ұстанып отырмыз. 2021 жылы Тәуелсіздіктің 30 жылдығында 30 көтерілістің атылып кеткен басшысына «Халық батыры» атағын беру туралы хат жаздық. Олар шын мәнінде халықтың батыры болды. Қолдарында қаруы жоқ болса да, коммунистік режимге қарсы шықты. Бәрі сол жолда құрбан болды. Нағыз халық батыры – солар. Осы ұсынысымызды биыл тағы да айтамыз. Шамамыз



келгенше барлық көтеріліске белгі қоямыз. Қазір бәрі анықталды. Өр көтерілісті кім бастады, басында кім тұрды одан кейін ол кісінің тағдыры қалай болды, қалай атылды, қалай құрбан болды – бәрі жазылады. «Халық батыры» деген атақ беріп, оқулықтарға кіргізуіміз керек.

ARYSMEDIA.KZ ПОРТАЛЫ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫНЫҢ ЖОҚШЫСЫ

Халықтың бастан кешкен аза-лы тарихын тереңдей тану үшін, ашаршылықтан, Кеңес Одағының қудалауынан азап шеккен, геноцидтен өлген адамдардың аты-жөнін анықтау мақсатында Arysmedia.kz атты үлкен ғылыми портал ашылмақ. 40 шақты сайт жұмыс істейді. Жүктелетін материалдар әр уақытта толықтырыла береді. Қай жерде атылды, не үшін атылды, ұрпақтары кім деген, сол кісі туралы барлық ақпарат сайтқа енгізіледі.

Атылған, қуғын-сүргінге ұшыраған адамдардың тіпті, депортацияға ұшыраған адамдардың тізімі бар. Біз ашаршылыққа ұшыраған адамдардың санын ғана білеміз. Қазақстан коммунистік партиясының басшысы Голощекинге күнде кешке таман қанша адам аштан өлді, қанша адам өзін-өзі жеп қойды деген сияқты мәліметтер түсіп тұрған. Бірақ адамның аты-жөні жоқ. Халыққа жар салып осы порталды ашудағы мақсатымыз – аштықтан өлгендердің аты-жөнін анықтау. Біз барлық шежірені қарап шықтық. Өкінішке қарай, шежірелерде «менің пәленше деген атам аштан өлді» деп жазбайды екен. Қытайда қызыл деген рудың 40 том шежіресі шықты. Оны да алып қарадық. «Пәленше адам босқын болып өлді, шекарада өлді, қытайдың қолынан, болмаса советтің әскерінің қолынан өлді» деген сөз жоқ.

АШТЫҚ ҚҰРБАНДАРЫНЫҢ САНЫ ӘЛІ ТОЛЫҚ АНЫҚТАЛМАДЫ

Қазақтың басынан өткен ашаршылықтың құпиясын ашу мәселесі тұр. Ұлттық сана сілкінетін уақыт келді. Мектеп бағдарламасына енгізіліп, халықтық педагогикада айтылмаса, кейінгі ұрпақ бұл трагедияның зардабын түсінбейді. Шын мәнінде, ашаршылыққа ұшырамаған, оның зардабын көрмеген бірде-бір қазақ жоқ. Қазақтың отбасында ең кемі бір адам аштық зардабын көрген. Бұрын қазақтың үштен бірі аштан өлді

десе, қазір қазақтың үштен екісі аштан өлді. Тек аштықтан емес, босқынға, қуғынға ұшырағаны бар, бәрін қосқанда 7 миллион адам Кеңес үкіметінің зардабын шекті. Мұны бұрын да айтқанмын. Сонда әлеуметтік желіде «Барлық қазақтың саны 6 миллион болса, қалай 7 миллион адам аштан өледі» деп бәрі шулап кетті. Қазақтың саны әлі күнге дейін дұрыс анықталмай жүр. Қазақ қай уақытта да балаларының санын нақты айтпаған. Соғысқа алмас үшін санын кемітіп айтқан. Әлі күнге дейін қазақтардан «неше балаң бар?» деп сұрасаң санын айтпайды. «Бар ғой» деп қоя салады.

ЖАЛҒЫЗ ҚАЗАҚТЫҢ ҒАНА ЕМЕС, БҮКІЛ АДАМЗАТТЫҢ ТРАГЕДИЯСЫ

Соңғы кездері осы тақырыпта сұхбат беруге тартынатын болдым. Себебі, елдің бәрі қазір жаңалық күтеді. Аштан өлген, атылып кеткен, қуғын-сүргін көрген адамның саны неғұрлым көп болса, соғұрлым сенсация болып көрінеді. Екіншіден, бұл бір атыңды шығарып, білгіш болып көріңгің келетін сияқты құбылыс. Ал шын мәнінде халықты тұтас алғанда алдыңғы буынмен қазіргі ұрпаққа дейін өзіміздің трагедиямызды жүрегімізден өткізіп, сезініп отырған жоқпыз. Аштықтан осынша миллион адам өлді десең, өз ұлтыңның емес, басқаның басынан кешкен оқиға ретінде қарайды. Қазақтың басынан өткен ең үлкен зардапты жүректен өткізіп, сабақ алмай келеді. Өзіміздің атамның, туысқанымыздың трагедиясы екенін сезіне алмай отырмыз. Қайта қайталанбауына кім кепіл? Біреулер «оның не қажеті бар, болар іс болды, өткен істі қазбалағаннан не шығады?» деп айтып жатады. Қалай болған күннің өзінде бұл – үлкен мәселе. Бір адамның болсын аты-жөні табылса дейміз.

Тарих, шежіре деген қызықты нәрсе ғой. Бүгінгінің өзі тарих. Өзіміздің тарихымызды өзіміз жазбасақ, бізге ешкім жазып бермейді. Сондықтан әркім жеті ата-сын, ата-бабаларын қайта қарап, қанша адам аштықтан немесе басқа да себеппен өлгенін жазса дейміз. Arysmedia.kz порталы сол үшін ашылды. Жалғыз қазақтың ғана емес, бүкіл адамзаттың трагедиясы. 15–20 жылдың ішінде бір халықтың үштен екісі құрып кету, оның ішінде аштан өлу деген – үлкен трагедия.

ҚАСІРЕТТІ ЖЫЛДАР ТАРИХЫ

ЗЕРДЕЛЕНЕТІН БОЛАДЫ

Бізге Жаңалық ауылының құжаттарын әлі күнге бермей отыр. Адамдарды қазіргі НКВД-ның ғимаратының алдында атып, 35 шақырым жерге апарып көмген. Неге ол жерге апарып көмген? Ол жерде полигон болды ма, әлде оқ ата-тын стрелбище болды ма, нақты құжатын бермеді. Мысалы, Мәскеуде 6-7 аумақта адамдар жерленген жерлер бар. Бөкейханов пен Нұрмақовтың жерленген жері белгілі. Ал бізде табылған сүйектер кімдікі, тіпті қай жерде жерленгені белгісіз. Басты кедергі – осы. Мал өлсе де акт жасайды ғой. Үш деген жерден 163 адамның сүйегін қазып алдық. Экспертизаға бергенімізде жартысы қазақ, жартысы славян халқы, 5-еуі әйел екенін анықтап берді. Болашақта наркомдардың сүйегін қазып алып, генін анықтауымыз мүмкін. Жалпы, кімнің қай жерде жерленгенін білмейді. Олардың бәрі тек қана осы сайтқа енгізіліп, анықталып, мәрмәр тақтаға аты-жөндері жазылу керек деп ойлаймын. Сол үшін жұмыс жүріп жатыр.

Халықтан сайтқа ата-бабаларының аты-жөндерін жазып, қол-ұшын берулерін сұраймын. Алдағы уақытта барлық көтерілістің, қазақ басынан өткерген қасіретті жылдардың тарихы зерделеніп, сайтқа енгізілетін болады.

Тізім бойынша аштықтан өлген адамдардың саны – 2 миллиондай адам. Бұл тек еліміз бойынша анықталған мәлімет. Ал елден тыс жерде өлгендердің саны белгісіз. Қытайдағы, Моңғолиядағы, т.б. елдердегі халықтың есебін білмейміз. Төребек Османов деген қазақтың тұңғыш банкирі болған. Оның 3 қызы болды. Өзі төре, әйелі қожа болған. Ол кісінің әйелін «Алжир»-ге алып, 3 қызын 3 бөлек балалар үйіне тапсырған. Қазақстанның емес, үшеуін 3 республиканың, бірін Украина, екіншісін Беларусь мемлекетіне, үшіншісін Ресейге жіберген.

Бізге белгісіз қаншама адамның тарихы бар. Төребек Османовтың қарындасы 3 қыздың басын қосып, жоғары білім берген. Кенже қызының көзі тірі. «Мен өліп қалсам, әкем туралы айтып беретін ешкім қалмайды» деп жүретін ауырса да, операция жасатпай келеді. Қызыл-орда қаласында Төребек Османовқа көшенің атын бердік. Мұндай фактілер миллиондап кездеседі. Оның бәрін анықтау керек. Анықтап қана қоймай, айтып жариялауымыз керек. Оқулықтарға енгізілуге тиіс. Әрине, мұның бәрі бір адамның ғана қолынан келетін шаруа емес. Бүкіл халық болып жұмылу керек. Портал да сол үшін ашылды.

Қазір дүниенің бәрі шоу сияқты. Көбіне шоу қызық болып көрінеді. Теледидар трагедиялық, ашаршылық туралы хабардың өзін шоу қылып көрсетеді. Шоудың заманы болып кетті. Өмірдің бәрін шоу жасауға болмайды...

31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні. Бұл күні гүл шоқтарын қойып, өтірік жылап-сықтап, түстен кейін тойға барғаннан өркеніет болмайды. Өркеніетті елдерде Ту түсіріледі. Барлық жерде Құран оқылады. Олардың аты-жөндері аталады. Ең болмағанда, бір күнді ата-баба әруағына арнаған жөн. Бұл күн – адамды ойландыратын күн болуы тиіс.

Әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.



МӘМС

ҚЫМБАТ ОТА ТЕГІН ЖАСАЛАДЫ

Мегаполистегі медицина ұйымдарына
265 млн теңге айыппұл салынды

Биылғы бірінші тоқсанда Алматы тұрғындарына көрсетілген медициналық көмек сапасын бақылау барысында 58 мың қызмет түрлі кемшіліктермен көрсетілгені анықталды. Нәтижесінде қаладағы емдеу мекемелеріне 265 млн теңге айыппұл салынды.

Бұл туралы «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының» Алматы қаласы филиалы директорының орынбасары Жанар Кенжебаева хабарлады.

Оның айтуынша, кемшіліктің басым бөлігі бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін емханалардан анықталып отыр. Олар 57 мыңнан астам қызметті кемшіліктермен көрсеткені үшін 150 млн теңге көлемінде айыппұл арқалады. Ал дұрыс көрсетілмеген 680 қызмет стационарлар мен стационарды алмастыратын көмек ұйымдарына тиесілі. Аталған кемшіліктер үшін 100 млн теңге айыппұл салынған.

«Мониторинг барысында анықталған кемшіліктердің дені емдеу-диагностика барысында белгіленген стандарттардан ауытқу, медициналық құжаттарды дұрыс толтырмау, қызмет бағасын негізсіз өсіру сынды олқылықтарға келіп саяды. Сонымен қатар, «көрсетілді» деп жазылған белгілі бір қызмет түрлерінің шын мәнінде көрсетілгенін растай алмаған клиникалар да бар», – деді Жанар Кенжебаева.

Бұған дейін хабарланғандай, МСҚ көрсетілген қызмет сапасына тұрақты бақылау жүргізіп отырады. Бүгінде дәрігер көмегіне жүгінбеген адамды «қабылдауда болды» деп жазу жұртшылық арасында өзекті мәселеге айналғаны белгілі. Биылғы қаңтар-наурыз айлары аралығында филиал мамандары азаматтардан түскен арыз-шағымдар нәтижесінде осындай 50 деректі анықтап, емхана-амбулатория деңгейінде жүргізілген мониторинг барысында медицина ұйымдарына 1,5 млн теңге айыппұл салды. Қайтарып алынған қаражат медициналық көмектің өзге түрлеріне жұмсалады.

Жанар Кенжебаева, сондай-ақ, Алматыда МӘМС есебінен қымбат операциялар жасалып жатқанын атап өтті. Мәселен, 2023 жылдың бірінші тоқсанында алматылықтарға міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру есебінен 52,8 млрд теңгеге медициналық көмек көрсетілген. Маманның айтуынша, жыл сайын медициналық сақтандыру есебінен кардиохирургия, нейрохирургия, урология, травматология,



онкология, хирургия сынды тағы да басқа профильдер бойынша жүздеген операция жасалып жатыр. Осындай бір ғана күрделі отаның құны орта есеппен бірнеше миллион теңгеге жетіп жығылады.

«Мәселен, бірінші тоқсанда Алматы қаласында 404 кардиохирургиялық операция жасалып, оған 2,1 млрд теңге төленген. Сонымен қатар, 1 млрд теңгеге 193 нейрохирургиялық ота жасалған. Тағы 118,1 млн теңгені МСҚ лор-профилі бойынша жасалған 16 операцияға жұмсады», – деді Жанар Кенжебаева.

Бүгінде артроз, артрит сынды буын ауруларының көбеюіне байланысты тізе, жамбас буындарын алмастырушылар саны күрт артып отыр. 2023 жылы алматылық травматологтар осындай 1100-ден астам операция жасады. Оған қор тарапынан 1,6 млрд теңге төленген. Сондай-ақ, жалпы құны 256,1 млн теңгеден асатын 35 ағза алмастыру операциясы жасалған. Соның ішінде 27 бүйрек-бауыр алмастыру операциясы да бар.

«Бір қарағанда, мұның бәрі жай ғана сандар болып көрінуі мүмкін. Шын мәнінде, сақтандырылған азаматтардың қалтасынан шығатын шығын едәуір қысқарып, олар осынша қызметті тегін пайдаланып отыр», – дейді Жанар Кенжебаева.

Тақырыпқа орай айта кетсек, мегаполисте 226 медицина ұйымы тегін медициналық көмек және МӘМС пакеттері шенберінде қызмет көрсетеді.

ТӘЖІРИБЕ

ЖҮРЕК ЫРҒАҒЫ
БҰЗЫЛМАСЫН

Бізде алғаш рет жүректің өткізгіш жүйесін
стимуляциялау бойынша ота жасалды

Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ-да Алматы, Тараз, Қарағанды қалаларының және басқа өңірлердің дәрігерлері үшін аритмология саласындағы халықаралық деңгейде мойындалған маман, Польша, Вроцлав медициналық университетінің профессоры Яцек Гасектің қатысуымен оқыту шеберлік сыныбы өтті.



Шеберлік сынып барысында толық атриовентрикулярлық блокадасы бар, яғни жүрек ырғағының бұзылуына әкелетін кардиопатологиясы бар 5 пациентке операция жасалды. Ең үлкен пациент 66 жаста, ал ең жасы 23-те.

«Мен Қазақстанға операция жасауға шақырту алғанымға өте ризамын. Бұл менің екінші сапарым және менің тәжірибем мен қосымша оқыту қазақстандық дәрігерлерге осы техниканы енгізуге көмектеседі деп сенемін. Бұл әдіс жүрек жеткіліксіздігі бар науқастар үшін өте тиімді. Араласудан кейін пациент қосымша дәрі-дәрмек терапиясын қажет ететін ілеспе патология болмаған жағдайда келесі күні ауруханадан шығарыла берсе болады», – дейді профессор.

Жүрек ырғағы мен өткізгіштігінің бұзылуы бөлімшесінің меңгерушісі Бағдат Ахыттың айтуынша, өткізгіш жүйе бойынша ынталандыру қарыншааралық диссинхрония мәселелерін шешуге, жүректің екі қарыншасын да дәлірек және синхронды түрде белсендіруге мүмкіндік береді, бұл пациенттердің өмір сүру сапасын жақсартады.

«Жүректің өткізгіш жүйесіне ынталан-

дырушы электродтарды имплантациялау пациентке жүрек жеткіліксіздігінің дамуын болдырмауға мүмкіндік береді. Операция кезінде тәуекелдер аз, өйткені біз жоғары технологиялық жабдықты қолданамыз, әр пациент үшін шығын материалдарының үлкен спектрін жеке таңдаймыз», – деді КжІАҒЗИ аритмологиялық қызметінің аға ординаторы Артур Абдымомунов.

Ол кардиостимулятор тәулік бойы жұмыс істейтінін, жүректі ынталандыратынын және жүрек соғу жиілігі шекті деңгейден төмендеген кезде қажеттілік бойынша қосылатынын атап өтті. Бұл жүректің қалыпты жұмысына мүмкіндігінше жақын физиологиялық ынталандыруға мүмкіндік береді. 12-13 жылдан кейін пациентке құрылғыны ауыстыру қажет болуы мүмкін, бірақ осы уақыт ішінде адам өзінің әдеттегі өмір салтына оралып, тіпті өзінің режиміне спорттық жүктемелерді қосып, ешқандай шектеусіз өмір сүре алады.

Айта кетсек, операция МӘМС шенберінде жүргізілді, барлық көмек қор қаражаты есебінен көрсетіледі және пациенттер үшін тегін.

ТРАНСПЛАНТОЛОГИЯ

Бүйрегі ауыстырылған алматылық келіншек Алматыдағы №4 қалалық ауруханада өз өмірі үшін қалай күрескені туралы айтып берді. Эльмира Ибрагимова – «ауыр» санаттағы науқас, оның өмірі үшін алматылық дәрігерлер ажалмен екі рет нағыз жекпе-жекке шыққан. 2013 жылы №7 қалалық аурухананың трансплантологтары Эльмираға бүйрек алмастыру операциясын жасаса, 10 жылдан кейін №4 қалалық клиникалық аурухананың гинекологтар тобы оның ағзасындағы үлкен ісікті алып тастады.

ӨМІР ҮШІН КҮРЕС
немесе әпкесі сіңдісіне бүйрегін берді

«2013 жылы екі бүйрегім де істен шықты. Рената Галимова – менің әпкем, маған донор болып, бүйрегін берді. Трансплантация жасалды. Әпкем екеуіміз Қазақстандағы алғашқы реципиент және донор болдық. Органның қабылданбауы орын алмасын деп мен өмір бойы иммундық жүйені басатын препараттарды қабылдаймын. Бұның екі жағы бар: бір жағынан, бүйректі сақтау керек, ал екінші жағынан, иммунитет төмендеген кезде, барлық басқа ілеспе аурулар шыға келеді. Осы препараттардың фонында менде гинекологиялық жақтан қиындықтар пайда болды. Менде миома болған, бірақ үздіксіз дәрі қабылдау кезінде ол үлкен мөлшерге дейін өсіп кетті», – дейді Эльмира Ибрагимова.

Алты жыл бойы гинекологиялық операция туралы сұрақ туындады, науқас пен дәрігерлер екі ойлы болды: жана түзілімнің өсуін тоқтату керек не трансплантацияланған жалғыз бүйректі сақтап қалу қажет.

«Менің барлық емім иммунитетке байланысты, маған ештеңе жазып бере алмайды – орган трансплантацияланды, трансплантацияланған бүйректі қабылданбауына жол бермеу керек. Маған ерте ме, кеш пе, операция жасау керек екенін айтты. Трансплантацияланған мүшесі үшін барлық дәрігер қорықты. Бірақ сәуірдің 28-інде қатты қан кетіп, №4 қалалық ауруханаға түстім. Тексеру кезінде үлкен миома анықталды, операция жасалу керек екені белгілі



болды. Құдайға шүкір, мен Сергей Александровичтің, Мария Юрьевнаның, бүкіл аурухана қызметкерлерінің қолына түстім. Мен өмірмен қоштасамын ба деп қорықтым. Көп қан жоғалттым, бүйрегім істен шыға ма деп ойладым, дәрігерлер ештеңе істей алмайды деп ойладым. Бірақ дәрігерлердің арқасында аман қалдым», – деп еске алады Эльмира көзіне жас алып.

Эльмира мен Бактияр Ибрагимовтардың екі қызы бар, қазір олар алғаш рет ата-әже болуға дайындалып жатыр.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.



КІТАП – КӨНІЛ КІЛТІ



Өнегелі өмір өткелдері

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының Н.Дәулетова атындағы залында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Аманбек Тшановтың «Айырылу, табысу және арылу туралы толғам» атты кітабының тұсау-кесер рәсімі өтті.

Іс-шарада Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері, жоғары дәрежелі стоматолог-дәрігер Мүсілім Дайырбеков, Түркі әлемі халықаралық сыйлығының иегері, «Парасат», «Барыс» ордендерінің иегері, академик Мұрат Жұрынов, тарих ғылымының докторы, академик Мәмбет Қойгелді, белгілі ақын, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қасымхан Бегманов, Қонаев атындағы университеттің ректоры, профессор Әмірәлі Қопабаев, Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, актер Тұңғышбай Жаманқұлов, ғалым, экономика ғылымының докторы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Тілектес Есполов, филология ғылымының докторы, профессор Дандай Ысқақ, тарих ғылымының докторы, профессор Берекет Кәрібаев және т.б. зиялы қауым өкілдері сөз сөйледі.

Жиын барысында Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының қорында сақталған Аманбек Тшановтың өмірі мен еңбек жолына арналған көрме ұйымдастырылды. Сонымен қатар, белгілі ақын Қазырет Бердіхан ел ағасына арнау айтса, ағайынды Ғаламат және Нұрәлі Бейсейітжановтар өз өнерлерін тарту етті.

– Еліне елеулі қызмет етіп келе жатқан Аманбек Тшановтың мемлекет пен қоғам алдындағы игі істері өте көп. Осы жылдар ішінде талай жауапты қызметтің құлағын ұстады. Жүрген жерінде жақсы аты қалды, атқарған ісі қалды. Өмірдің ащы-тұщысын қатар көріп, 80 жасқа келді. Әдемі қартайды. Оның «Айырылу, табысу және арылу туралы толғам» атты кітабында дербестік жылдарындағы оқиғалар түгел қамтылды. Қазақ елінің 30 жылда жүріп өткен жолы туралы жазылған. Оның жазған еңбегі көпке үлгі-өнеге болады деп сенеміз, – деді филология ғылымының докторы Қансейіт Әбдәулы.

Сонымен қатар, балалық шағы, туып-өскен жері мен жастық шағы жайында естеліктер айтылды. Өз сөзінде ҰҒА академигі Мұрат Жұрынов:

– Біздің қайраткер тұлғаларымызды ұлықтауымыз керек. Өйткені, жастайымыздан бірге өстік. Аралас-құралас жүрдік. Шымкент, Жамбылда, Парламентте, кейінірек спорт колледжін басқарып, ұзақ жыл қызмет атқарды. Өте адал басыы бола білді. Азаматтық ұстанымнан таймады, – деді.

КОНКУРС

САМҒАЙ БЕР,
«ЖАС ҚАНАТ»!

«Жас қанат» байқауына биыл 32 жыл толып отыр. Талантты жастарға дем берген байқау енді бір аптадан соң тағы да жалғасын тауып, еліміздің әр өңірінен келген 20 дарынды баланың өнерін тамашалайтын боламыз.

Рая
ЕСКЕНДІР

«Жас қанат» байқауының тұсауы алғашқы рет 1992 жылы Алматыда кесілді. Байқаудың продюсері әрі бас режиссері Мұрат Ерғалиев, бас режиссері Александр Пономарев, бас директордың орынбасары, «Азия дауысы» халықаралық фестивалі» қоғамдық қорының қазіргі президенті Ирина Ковыряко болды.

2001 жылы байқау «елдегі ең беделді іс-шаралардың бірі ретінде» Қазақстанның жаңа астанасына көшті. Осынау 32 жыл ішінде бүгінгі сахна шеберіне айналған көптеген жас жұлдыздар осы байқаудың лауреаттары мен дипломаттары атанды.

Бүгінде «Жас қанат» байқауы еліміздің мәдени өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Ол тек Қазақстанда ғана емес, әлемге танымал 100-ден астам орындаушыға

жол ашты. Олардың көпшілігі Славян базары (Беларусь), Памук-кале (Түркия), Мальта ән байқауы (Мальта), Discovery (Болгария), Азия музыка фестивалі (Шанхай, Қытай), Интерталант (Чехия), Каир ән фестивалі (Египет), Вильнюс ән фестивалі (Литва), Манас (Қырғызстан) сынды беделді халықаралық байқауларда ел намысын қорғады.

Сонымен қатар, FIDOF – Фестиваль ұйымдарының халықаралық федерациясы және MIDEM – Еуропадағы ең ірі музыкалық жәрмеңкенің гала-концерттеріне қатысты. Байқау алдында қатысушылар «Жас қанаттың» дәстүрлі рәсімдеріне қатысады. Жас өнерпаздар Алматы қаласының әкімімен кездесіп, сосын «Жас қанат» аллеясына ағаш отырғызуға барады.

Жеребе тарту 29 мамырда, сағат 11.00-де MediaCafe-де өтеді. Оған «Жас қанат» және «Жас қанат. Балалар» байқауының конкурсанттары қатысады.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

2023 жылдың 2-жартыжылдығына арналған жазылу науқаны бас-талды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы тұрақты оқырмандар мен газетке жаңадан жазылып жатқан жазылушылар үшін дәстүрлі «Жазыл да, ұтып ал!» байқауын жариялайды. Байқау барысында бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

Алдымен газетке жарты жылға жазылғаныңыз жөніндегі түбіртек-ті рәсімдеуіңіз қажет.

2023 жылдың 13 шілдесіне дейін редакцияға жазылымның көшір-месін конвертке «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгімен жіберіңіз. Редакция мекенжайы: ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко к-сі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), каб. №21, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03 немесе сканерленген жазылым билетін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») almaty.aqparat@mail.ru электрондық мекенжайы-на жіберіңіз!

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңіз, мекенжайыңызды және телефон нөміріңізді көрсетуіңіз қажет.

Қайда жазылу керек?

«Қазпошта» АҚ, «Еуразия пресс» агенттігі ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық пошта бөлімшесінде.

2023 жылға арналған жарты жылдық жазылым бағасы:

Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65503) – 3603 теңге.

ҰОС қатысушылары, зейнеткерлер, мүгедектер және көпбалалы аналар үшін жеңілдік (индексі 95503) – 2643 теңге.

Ұтысқа тек жарты жылдық жазылымды рәсімдеген жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойыны 2023 жылғы 14 шілдеде «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында конкурстық комиссия мүшелері мен тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімдері газеттің 2023 жылғы 20 шілдедегі санында жарияланады.

Сәттілік тілейміз, құрметті оқырман!

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

**«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!**

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері
сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:

«Almaty Aqparat» ЖШС.

almaty.aqparat@mail.ru

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Апталық

таралымы – 18 663

Кезекші редактор –

Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Газет Қазақстан Республикасының

Ақпарат және қоғамдық даму

министрлігінің

Ақпарат комитетінде тіркелген.

Тіркеу туралы

№KZ80VPY00026040

куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.

Суреттердің сапасына редакция жауапты.

Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.

Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортндағы жолаушыларға қолжетімді.



ТАҒЫМ

Жазушылар одағының мәжіліс залында Ауған соғысының ардагері Борис Керімбаевты еске алу құрметіне арналған «Ер есімі – ел есінде» атты ғылыми-практикалық конференция өтті.

Айнабай
МӘДИ

Алматы әкімдігінің қолдауымен «Ұлы Дала» қоғамдық бірлестігі, Республикалық ауған соғысы ардагерлері мен мүгедектері ЗТБ орталық кеңесі ұйымдастырған басқосу жиында Ауған соғысы тарихына «Қара майор» есімімен енген Борис Төкенұлы Керімбаевтың өмір жолы, майдан жолы жайлы қоғам қайраткерлері мен ғалымдар байыпты баяндама жасап, оның кейінгі ұрпаққа ұлағаты айтылды, батырдың рухына тағзым етілді. КСРО ҚМ БББ (ГРУ)-дің Керімбаев қолбасшылық еткен жасағы орталық азиялық сайдың

тасындай іріктелген сақадай сай сардарлар мен сарбаздар болатын. Ауған жеріндегі Панджер шатқалын жыл бойы тас қамал қып қорғаған «Қара майорды» қарсыласы, атышулы Ауған командирі Ахмад Шах Масудтің өзі амалсыз мойындап, оның басына миллион доллар тіккен деседі.

Запасқа шыққан офицер Керімбаев тәуелсіз еліміздің әскери қызметшілерімен өзінің орасан зор тәжірибесімен бөлісіп, жастарды ел қорғауға тәрбиелеп, отаншылдыққа баулыды. Конференцияға қатысқан Ауған соғысының ардагерлері, белгілі қоғам қайраткерлері, ғылым мен мәдениет өкілдері Керімбаевтың жауынгерлік жолы – анта адальдық пен ерлікке толы екеніне тоқталды. Конференцияға қатысушылар Борис Керімбаевты есімі еліміздің соғыста ерен ерлігімен танылған батырлар қатарынан орын алуға әбден лайық деген тоқтама келді.

«ҚАРА МАЙОР»

Борис Керімбаевты еске алуға арналған конференция өтті



ТАҚЫРПҚА ОРАЙ

Марат ҚОЙЛЫБАЕВ, Республикалық Ауған соғысы ардагерлері мен мүгедектері ЗТБ орталық кеңесінің төрағасы:

ӘСКЕРИ АНТЫНА АДАЛ БОЛДЫ

Өткен ғасырда тағдыры маңдайымызға жазылған Ауғанстандағы соғысқа біз интернационалдық борышымызды өтеуге бардық. Борис Керімбаев – сол соғыста қолбасшы (командир) ретінде қаншама сарбаздың елге тірі келуіне барын салған сұңғыла сардар. Бізге маңыздысы – әскери антына ақырына дейін адал болған Керімбаевтың керемет ерлік үлгісін өскелең ұрпаққа өнеге ету. Оның ер жігітке тән жігерлілігі мен ұстанымдылығын кейінгі ұрпақ – жарқын болашақтың жастары, сарбаздар мен сардарлар білуі тиіс. Біз соғысты іздеген жоқпыз, соғыс бізді тапты. Біз соғысты тілеген жоқпыз, тілемейміз. Ендігі жастар бейбіт заманның батырлары болсын.



БІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫМЫЗ

ӨТКЕН КҮНДЕ БЕЛГІ БАР



Аты аңызға айналған жерлесіміздің туғанына биыл 95 жыл толыпты. Осы атаулы күнге орай Алматыдағы «Русский дом» мен Анатолий Иванов атындағы қор өкілдері «Almaty aqshamy» мен «Вечерний Алматы» газеттерінің ақпараттық қолдауымен Қазақстан Жазушылар одағында «Вечный зов» Анатолия Иванова» атты шығармашылық кездесу өткізеді. 29 мамырда сағат 11.00-де. Келем деушілерге есік ашық. Кіру – тегін.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Кеңес Одағы кезінде туған ұрпақ, сол одақтың құрамында болған он бес республиканың халқы «Мосфильм» түсірген «Вечный зов», «Тени исчезают в полдень» деген ғаламат кинокартиналарды көріп өстік. Бұл фильмдердің сол тұстағы идеологиялық қуаты да аса күшті болғаны шындық.

Екі фильм де біздің жерлесіміз, Шығыс Қазақстан облысының Шемонаиха ауданында туып-өскен қаламгер, прозаик, сценарист, өзіміздің әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Журналистика факультетінің түлегі Анатолий Ивановтың сол аттас романдарының желісімен түсірілген. 2009 жылы осы екі туындының және автордың құрметіне туған жерінде ескерткіш орнатылған.

«Вечный зов» роман-эпопеясы 1963–1975 жылдар аралығында жазылып, кітап болып бірнеше жыл қатарынан қайта басылып отырған. Осы аттас фильм түсірілетін болғанда да сценарийін қазақстандық қаламгердің өзі жазған. Екі циклдан тұратын көп сериялы «Вечный зов» жаңа қоғамның қалыптасу кезеңін, қарапайым бұқараның әлеуметтік шындық үшін күресін, әрине, адамдар арасындағы сыйластықты, сүйіспеншілікті де суреттейді. Анатолий



Иванов бұл шығармасы үшін сол тұстағы ең мәртебелі биік атақ – КСРО-ның Мемлекеттік сыйлығын иеленді.

Социалистік реализм бағытында қалам тербеген Анатолий Степановичтің сценарийі бойынша таспаға басылған «Тени исчезают в полдень» атты телесаға да адамдардың қилы тағдырын суреттейді. Сібірдің шағын ғана Зелений Дол ауылындағы қоңыр тіршілік кешіп жатқан қарапайым жандардың тыныс-тіршілігі, бірнеше ұрпақ өмірінің күнгейі мен көлеңкесі, сондай-ақ әділдік, адамгершілік, сатқындық, махаббат, достық көрініс тапқан. Екі көркем фильмде де КСРО-ның әйгілі «мен» деген актер, актрисалары ойнаған.

Кеште қаламгердің көзін көрген жандар әңгіме шертеді. Жерлесіміздің өмірінен қызықты оқиғалар айтылады. Және де атакты кинокартиналарында орындалған әндер шырқалады. Шығармашылық кешті бірге әрлейік, ағайын!